# QOĞAMDYQ KEŃISTIKTER

қоғамдық кеңістіктерді құру үшін жергілікті
қауымдастықтарды, белсенділік пен
диалогты алға бастыру

TCO ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ

EFCA
ФОНД ЕВРАЗИЯ
ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ

# МИССИЯ

Qoğamdyq Keñıstıkter бағдарламасы тұрғындарға өмір сүру ортасының өзекті мәселелерін анықтауға, бірлесіп шешімін табу және қоғамдастықтың күшімен ортақ пайдаланылатын орындарды физикалық тұрғыда өзгерту үшін өзін-өзі ұйымдастыруға көмектеседі.

Елді мекендерінің қажеттіліктері мен әлеуетін ашық талқылау, жобаға өзінің уақыты мен ресурстарын жұмсау, жергілікті билікпен серіктестік қарым-қатынас орнату арқылы тұрғындар жаңа қоғамдық кеңістіктерді ашады.

Бағдарлама, жергілікті билікпен сындарлы диалог қағидаттарына негізделген, өз қаласының немесе ауылының болашағы туралы шешім қабылдауға тұрғындарды тартуды кеңейту үшін, азаматтық қатысудың жаңа дәстүрін құра отырып, осындай жергілікті бастамаларды қолдайды.

Тұрғындар құрған қоғамдық кеңістіктер өмір сүру сапасын жақсартады, ал олардың пайда болу процесі әлеуметтік капиталды және саналы азаматтық қатысуды жетілдіреді. Белсенділердің жинақтаған тәжірибесі болашақта жергілікті органдардың жүйелі есеп беруіне және сапалы өзгерістерге қол жеткізуіне жол ашады.

**МИССИЯ**

- ***жергілікті бастамалар мен көшбасшылардың әлеуетін күшейту***
- ***ортақ пайдаланылатын орындардың инфрақұрылымын дамыту***
- ***азаматтар мен биліктің өзара сенімділігі мен ынтымақтастығын қалыптастыру***

# МАНИФЕСТ

Біз физикалық кеңістікті және күнделікті өмірді өзгертуге, алға жылжу үшін жағдай жасауға, жаңа мән туғызуға және жинақтауға қабілетті жасампаз азаматтық іс-әрекетке сенеміз.

Жергілікті қауымдастықтар мен олардың энергиясы азаматтық сана-сезім мен есеп беретін мемлекеттің негізін құрайтынына сенімдіміз. Диалог пен бірлескен іс-әрекет арқылы келіспеушілікті жою тәжірибесі өз-өзіне деген сенімді арттыруға, қазіргі және болашақ үшін өзінің жауапкершілік шамасын түсінуге және қабылдауға мүмкіндік береді.

Осы жолға қадам басқан біз екі құндылыққа – азаматтық қоғамның негізі ретіндегі төменгі бастамалардың өзін-өзі ұйымдастыруына және әлеуметтік өмірдің маңызды элементі болып табылатын қоғамдық кеңістіктерге тоқталдық. Бұл ұғымдардың ғылыми тұжырымдамаларында үшінші сектор және үшінші орын деп аталуы бекер емес. Екеуі де адамның күнделікті қажеттілігі. Біріншісі де, екіншісі де тәжірибе мен қолдануды үнемі қажет етеді. Екі жағдайда да адам, оның қадір-қасиеті мен қажеттіліктері басты орында тұрады.

Біз қолдайтын жобалар спорт және ойын алаңдарын орнату, саябақтар мен аллеяларды жаңарту, футбол алаңдары мен ортақ пайдаланылатын жерлерді жасақтау, мектеп асханалары мен мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған даму орталықтарын құру мақсатына қол жеткізді – өйткені бұл тұрғындарға қажет нәрселер, бірақ оны жасауға бюджеттің ақшасы ешқашан жетпейтін.

Басқарушылардың адамдарға басқарылатын тұлға деп, ал азаматтық қатысуға өздерінің жергілікті саясатына болжамсыз кедергі ретінде қарауды тоқтатуы қаншалықты маңызды екенін білеміз. Әрбір жобамыз бізді мынаған сендіреді: қауымдастықтың ұйымдасу дәрежесі неғұрлым биік болса, өзінің мақсатын неғұрлым жақсы білсе және шешім қабылдау процесіндегі өз рөлін көрсе, биліктің серіктес позиция ұстану мүмкіндігі соғұрлым үлкен болады.

Біздің қағидамыз – жергілікті қауымдастық ішінде диалог құрғаннан кейін, қордаланған мәселелерді анықтап қана қоймай, оларды бірлесіп шешу үшін жергілікті билік органдарымен ынтымақтастық қарым-қатынас орнату ауадай қажет. Біздің топтарымыз жоба шеңберінде жұмыс істеген барлық жерде әкімдіктер өкілдері – кеңес беру, ресурс, іс-қимыл жағынан бізге белсенді түрде көмектесті.

Тұрғындардың өмір сүру ортасын жақсартуына көмектесу үшін олардың азаматтық әлеуетіне инвестиция саламыз. Қоғам өміріне араласу, оған баршаның игілігі үшін өз уақытымызды, еңбегімізді және күш-жігерімізді жұмсау арқылы бос жерлерді ғана емес, дүниетанымды да өзгертуге болатынына сенімдіміз. Өміріңіздің сапасы үшін жауапкершілікті көршілермен және жергілікті билікпен ортақтасуға болады.

Біз, жергілікті белсенділердің алған жаңа білімдері мен дағдылары – қоғамдық кеңістіктерді – физикалық объектілерді құрып қана қоймай, сонымен қатар азаматтық кеңістікті де ұлғайтып, үнемі жетіліп отыратын қауымдастықтарды құратына және олардың Қазақстанның басқа қалалары мен ауылдарына үлгі болатындығына үлкен сенім артамыз.

**Алма Шолпанқұлова**

жоба менеджері,
Орталық Азияның Еуразия қоры:

**«Жұмысымыздың алғашқы екі жылында ғана бұған дейін бұқаралық белсенділік тәжірибесі болмаған Атырау мен Маңғыстау облыстарындағы тоғыз қала мен ауыл тұрғындары өздерінің волонтерлік еңбегімен мыңдаған адамның өмірін өзгерткен 42 қоғамдық кеңістік жобасын әзірлеп, 42 бастама көтерілді, 42 қауымдастық құрылды».**

**Рзабек Артығалиев**
«Теңізшевройл» ЖШС үкіметпен және қоғаммен байланыс жөніндегі бас менеджері

**«Біз, бағдарламаны іске асыру жұмыстарына белсенді қатысқан Жылыой ауданының әкімдігіне, барлық ауыл әкімдеріне және жергілікті тұрғындар арасынан шыққан белсенділерге үлкен алғысымызды айтамыз. Мұндай шағын жобаларды жүзеге асыруға дайын, бастамашыл адамдардан тұратын топтар әр ауылда пайда болатын болса, облыстың барлық елді мекендері, тұрғындардың арқасында ақ гүлдене бастайды».**

**Бақыт Запенов**

(«Армандағы саябақ» жобасы, Атырау облысы
Жылыой ауданы Тұрғызба ауылы:

**«Біз, ауыл жастары, бұл саябақты көп жыл бойы армандадық, ағаш отырғыздық, өзіміз күтіп-баптадық, бірақ абаттандыруға қаржы таба алмадық. Жалпы «Қоғамдық кеңістіктер» жобасы – ауылдың дамуына көмектескісі келетін әрбір бастамашыл тұрғынның арманы».**

**Досан Жеткізген**

Маңғыстау облысы,
Түпқараған аудандық ішкі саясат бөлімінің бастығы:

**«ОАЕҚ және "Теңізшевройл" компаниясының бұл бағдарламасы біздің ауылдарымыздың тұрғындарының әлеуетін арттыруға көмектеседі және қоғамдық жобаларға қаржылық қолдау көрсетеді. Бұл бастамашыл топтар іс жүзінде бізге өз жұмысымызды жүргізуге көмектеседі. Оларсыз біз жұмысты мұндай тиімді атқара алмас едік».**

**Мәжит Төреғожин**

Боранқұл ауылының әкімі

**«Боранқұл тұрғындары ауылды абаттандыру бастамаларын ұсынып отырғандарына қуаныштымын. Белсенділер жасаған жұмыс, ауылдың басқа да тұрғындарын, қоғам мүддесі үшін бірлесіп жұмыс істеуге шабыттандырады. «Ынтымақ – бұзылмайтын қорған, Қосылып еккен ағаш – орман» деп бекер айтпаған. Тұрғындар ауылдың дамуына өз үлестерін қосуды жалғастыра беретініне сенімдімін».**

**Сағындық Жадыра**

жобалық ассистент

**«Бағдарламамен жұмыс істеген үш жыл ішінде біз тәсілдемелерімізді жетілдіруге, қатысушылардың уақытын үнемдеуге, іске асыру алгоритмін оңайлатуға тырыстық, тренингтер бағдарламасын қатысушылардың сұрауына бейімдей отырып, бастамашыл топтарға жоба бойынша неғұрлым жедел жұмыс істеу үшін команда ішіндегі міндеттерді бөлуге ұсыныс жасадық. Біз жергілікті биліктерді тұрғындардың бастамаларын қолдауға ынталандыру үшін көбірек іс-шаралар жоспарлай бастадық».**

# ӘДІСНАМА

Біздің бағдарламаның бірегейлігі – тұрғындардың бастамашыл топтары қауымдастықтарға біріге отырып, өз елді мекендеріндегі шұғыл қажеттіліктер мен мәселелерді өздері анықтайды, содан кейін олар шешім шығарады және жобаға қатысуға өтінім береді.

Грантқа ие болған белсенділер өз күшімен, өтемсіз, ерікті негізде өз қаласы мен ауылындағы қоғамдық кеңістіктер мен әлеуметтік инфрақұрылымды жақсарту үшін қосымша ресурс іздейді және жергілікті билікпен серіктестік қарым-қатынас орнатады.

Орталық Азияның Еуразия қоры – бұл үдерістегі өз рөлін былай анықтайды: тұрғындарға өмір сүру ортасы туралы шешім қабылдау үдерісіне қатысуы қажет екенін түсінуіне, қажеттіліктерді бағалаудың, жобаны әзірлеудің және басқарудың озық дағдыларға ие болуына және билікпен диалог орнатуына көмектесу.

Бағдарлама іске асырыла бастаған алғашқы жылдың өзінде Атырау облысында өткен тренингтерден кейін 15 өтінімнің 14-і грант алды. Болашақта ОАЕҚ тобы оқыту процесіне жәрдемдеседі, жобаларға мониторинг жасайды, сонымен қатар тұрғындардың бастамашыл топтарына уақтылы кеңес беріп, тәлімгерлік етеді.

Халықаралық тәжірибе көрсеткендей, қоғамдық орындар, оның ішінде саябақтар, демалыс аймақтары және басқа ашық алаңқайлар адамдардың психикалық-физикалық денсаулығын

жақсартады. Ауылдарда, әсіресе Қазақстанның ірі қалаларымен салыстырғанда, қоғамдық орындардың теңдей бөлінбеуі, азаматтық қоғамның білім беру бағдарламаларына бірдей қолы жете бермейтінін, шектеу барын байқатады.

Бағдарламаның негізгі бағыты бастапқыда қауымдастықтардың қоғамдық кеңістіктерін құруға бағытталғанына қарамастан, олардың бірқатар кеңестерінен кейін бағдарлама аясындағы жобалар ауқымын әлеуметтік инфрақұрылым нысандарымен толықтыруға шешім қабылдадық, өйткені бұл қажеттілікті тұрғындардың өздері айтты. Осылайша Маңғыстау облысында қоғамдық орындармен қатар, мүмкіндігі шектеулі балалардың аналарына қызмет көрсету, ана мен бала бөлмесін, мектеп асханасын және психолог пен логопед кабинеттерін ашу жобаларын бастамашыл топтар ұсынды, бұл халық арасында өте үлкен сұранысқа ие.

Жобаның тікелей қатысушылары – әртүрлі жастағы және кәсіптегі адамдар, ерлер мен әйелдер, жастар мен зейнеткерлерден басқа, жобаны жүзеге асыру үшін қажет жабдық, материал жеткізуге және мамандармен қамтамасыз етуге көмектескен жергілікті әкімдіктердің үлесін атап өту де маңызды.

**Өзіміз әзірлеген жоба алгоритмінің арқасында біз бір жыл ішінде көшбасшыларды анықтаудан бастап қатысушылар өз күшімен жасаған дайын объектілерді тамашалауға апаратын жолдан өтеміз, ал алғашында өзгеріс мүмкіндігіне сенбеген тұрғындар қоршаған ортасын жақсартуға дайын, өзіне сенімді, мықты қауымдастыққа айналады.**

## 1-ҚАДАМ

**Жергілікті билік органдарымен серіктестік орнату**

Әрекет: ОАЕҚ жобалық тобының жергілікті билікпен кездесулері, ынтымақтастық және болашақ бастамашыл топтарға қолдау көрсету туралы меморандумдарға қол қоюы.

*«Әкімдердің барлығы бірдей бастамашылдарды құшақ жайып қарсы ала бермейді, бірақ жыл ортасына қарай олар бағдарламаның артықшылығын түсінеді, ал келесі жылы өздері жобаны өз ауылында жалғастыруды сұрайды. Сондай-ақ жобаға қатты қызыққан басшылар да бар, олар тренингтерімізге қатысады, алаңдарды аралайды, тұрғындармен бірге жоба бойынша жұмыс істейді».*

Нәтиже: *(аумақтар бөлінеді, материалдық және техникалық көмек көрсетіледі, уақтылы көмек көрсету үшін жобаларға мониторингін жасалады, жасалған нысандарды әкімдік балансына алу міндеті)*

**Топ**

ОАЕҚ жобалық тобы (Алматы қ.) – өңірлерге жылына кем дегенде 4 рет іссапар жасау, бастамашыл топтарды телефон арқылы және аптасына 7 күн онлайн режимінде қолдау

Qoğamdyq Keñıstıkter жергілікті үйлестірушілері – жобаларға үздіксіз мониторинг жасау, іске асыру барысы туалы апта сайынғы есеп, фото және видео құжаттама жасау

Тренер-фасилитатор – қатысушыларды оқыту, іске асыру барысында олардың жобаларына тәлімгерлік қолдау көрсету

## 2-ҚАДАМ

### Көшбасшыларды іздеу және қажеттіліктерді бағалау

Әрекет: Фокус-топ. Жергілікті белсенділерге, кәсіпкерлерге және жергілікті әкімшілік қызметкерлеріне арналған Qoğamdyq Keñıstıkter бағдарламасының тұсаукесері. Қауымдастықтар өтініштерін талқылау.

***«Алғашқы іс-шараға келген көпшілік бұған немқұрайлы, күмәнмен қарайды: «Мұның бәрі әйтеуір бірдеме өткізу үшін», – дейді. Біздің міндетіміз – олардың күмәнін жоюға көмектесу. Сол үшін басқа ауылдардың мысалдарын көрсетеміз, мұның өзі оларда бәсекелестік рухын оятады және кездесу соңында біздер өзінің қаласын немесе ауылын гүлдендіруге құлшынып тұрған белсенділерді көреміз».***

Нәтиже:

- *қауымдастықтың ең белсенді мүшелерін анықталады*
- *негізгі мәселелер анықталады және оларды шешу үшін идеялар жиналады*
- *ықтимал көшбасшыларға тапсырма: пікірлес адамдар тобын жинау*

### Ақпараттық науқан

- коммуникациялық стратегияны әзірлеу
- үлестірме материалдарды дайындау
- БАҚ-тағы жарияланымдар, ТВ мен радиодағы сюжеттер
- әлеуметтік желілерде аккаунттар мен хэштегті іске қосу
- мессенджерлерде жалпы чаттар құру
- әр жобаның фото және видео күнделіктері

## 3-ҚАДАМ

### Тренингтер және идеяны әзірлеу

Әрекет:
3.1 «Қауымдастықты жұмылдыру» атты екі күндік бағдарлау семинары (күніне 7 сағат).

*«Әкімдік 20–80 адам қатысатын кездесу залын ұсынады. Адамдарды фокус-топқа қатысқан белсенділердің өздерінің әкелуі өте маңызды, өйткені олар сырттан келген жаңа идеяларға күмәнмен қарауы мүмкін болатын тұрғындардың сенімінен шығады».*

3.2 Бастамашыл топтарға арналған үш күндік «Дизайн және жобаны басқару» курсы (күніне 8 сағат).

*«Бірінші семинардан кейін: «Өз қажеттіліктеріңіз туралы ойланыз, жоба идеясын басқа тұрғындармен талқыланыз, топ жинап, негізгі тренингке келіңіз», – деп сұраймыз. «Сіз ештеңе жасауға міндетті емессіз, жай ғана тыңдасаңыз болады, бірақ идеяңызды бөлісіңіз және оны іске асыруға ниетті болыңыз» деп айтамыз».*

Нәтиже:
- *идеялар өміршең жобалық ұсыныстарға айналады*
- *қоғамдық кеңістік құруға өтінімдерді әзірлеу басталады*

### Тренинг бағдарламасы:

- теориялық негіз
- кейс-стади талқылау
- жоба неден тұрады?
- әр бастамашыл топпен жағдайды талдау
- жобалық өтінімнің алғашқы нұсқасын әзірлеу
- жобаның бюджетін қалай құру керек?

## 4-ҚАДАМ

## Жобалық өтінімді аяқтау

Әрекет:
ОАЕҚ жобалық тобы әр бастамашыл топқа жобаның әр тармағы бойынша қашықтан кеңес береді. Бюджетті әзірлеуге, соның ішінде ықтимал жеткізушілерді іздеу мен таңдауға ерекше назар аударылады.

***«Бір ай бойы күн сайын белсенділермен сөйлесеміз, олардың жобаларын іске асыру сатысында болашақта уақыт ұту үшін олардың өтінімдерін мүмкіндігінше аяқтауға тырысамыз».***

Нәтиже:

- *Бастамашыл топтар соңғы өтінімдерін электронды пошта арқылы немесе жергілікті жоба үйлестірушілері арқылы жібереді*
- *ОАЕҚ жобалық тобы ұсынылған құжаттарды донор - «Теңізшевройл» ЖШС стандарттарына сәйкестендіреді*
- *Qoğamdyq Keñıstıkter бағдарлама менеджерінің пікірі жазылған өтінімнің түпнұсқасы мен оның бейімделген нұсқасы Бағалау комиссиясына жіберіледі*

**Бағалау комиссиясы:**

- аудан әкімдігінің өкілі
- елді мекеннің әкімі
- «Теңізшевройл» ЖШС өкілі
- ОАЕҚ өкілі

**Бағалау критерийлері:**

- жоба өзектілігінің негіздемесі
- шынайы бюджет
- қауымдастықтың қосатын үлесі
- жобалардың тұрақтылығы

## 5-ҚАДАМ ОАЕҚ жобалық тобының гранттарды бөлуінің техникалық процесі

Нәтиже:
*Шарттар жасалады, грант жеңіп алған бастамашыл топтарға қаражат аударылады.*

## 6-ҚАДАМ Шағын жобаны жүзеге асыру

Бастапқы айда жергілікті жерлердегі қауымдастық топтары өз күшімен сатып алу және дайындық жұмысын жүзеге асырады (тазарту, тегістеу және т.б.). Әрі қарай, кейінгі үш-бес ай ішінде тұрғындар өз жобасымен айналысады, ал жергілікті үйлестіруші оның орындалуына мониторинг жасайды.

*«ОАЕҚ тобы грант-менеджерлермен, жергілікті үйлестірушілермен және жергілікті биліkпен үнемі байланыста бола отырып, олардың көмегімен жоба бюджетін жұмсаудың бүкіл процесін бақылайды».*

Нәтиже:
*Ауыл әкімінің қатысуымен жаңа қоғамдық кеңістіктің ашылу рәсімі өтіп, әкім оны балансына қабылдау міндеттемесін растайды*

## 7-ҚАДАМ Есеп беру іс-шаралары және жобаны жабу

Нәтиже:
*ОАЕҚ тобы демеушіге, жергілікті билік органдарына, үкіметтік емес ұйымдарға (ҮЕҰ) және тұрғындардың бастамашыл топтарына бағдарлама бойынша жылдың жалпы нәтижесін ұсынады.*

| | |
|---|---|
| 1-апта: | 1, 2-қадам |
| 2, 3-апта: | Болашақ жобалар үшін командалар құру |
| 4-апта: | 3-қадам (3.1 – 1 күн; 3.2 – 3 күн) |
| 5, 6, 7, 8-апта: | 4-қадам |
| 9, 10, 11, 12-апта: | 5-қадам |
| 13-33-апта: | 6-қадам |
| 34-38-апта: | 7-қадам |

# НӘТИЖЕЛЕР

Тұрғындар өз қаласындағы немесе ауылындағы мәселелерді өз бетінше шешу үшін бастамашыл топтарға бірігеді.

Тартымды қоғамдық кеңістіктер жергілікті билік органдарының басымдығына айналады.

Жаңадан пайда болған тартымды жерлер мен әлеуметтік инфрақұрылым нысандарының арқасында өмір сапасы жақсарады.

Әрі қарай ынтымақтастық құру үшін тұрғындар мен жергілікті билік органдары арасында өзара түсіністік қалыптасады.

Жергілікті қауымдастықтардың әлеуметтік капиталы өседі, институттарға деген және тұрғындардың арасындағы сенім деңгейі, сондай-ақ әкімдіктің тұрғындар алдындағы есептілігі артады.

Көрші елді мекендер арасындағы байланыс, ақпарат, тәжірибе мен жобалар бойынша тәжірибе алмасу күшейеді.

Бағдарламаның оң әсерін көріп, әкімдіктер диалогты құруға бейім болады және жобаларға қолдау көрсету арқылы белсенділік танытады.

Азаматтар өздерінің өмір сүру ортасы үшін жауапкершілігін сезінеді және жалпы мәселелерді шешу үшін ұжымдық азаматтық іс-әрекетке сене бастайды.

# ЖОБАЛАРДЫҢ ТҰРАҚТЫЛЫҒЫ

ОАЕҚ жобалық тобы бағдарламаның дайындық кезеңінің өзінде жобалардың тұрақтылығына кепілдік береді. Біріншіден, бұған жергілікті әкімдіктермен меморандум жасалуы септігін тигізеді, себебі оның шеңберінде әкімдік болашақ объектілерді балансына қабылдауға міндеттеме алады.

Осылайша Баутин ауылындағы Ана мен бала орталығы (2019 ж. Маңғыстау облысында іске асырылған жоба) әкімдіктен ғана емес, сонымен қатар облыстық денсаулық сақтау басқармасынан да қолдау тапты, соңғысы осы кабинеттің бір штат бірлігін бюджеттен қаржыландырады.

2021 жылдың жекелеген жобалары үшін әкімдіктер қажетті қаржының жартысына жуығын бөліп, тұрақтылығы бойынша қосымша міндеттемелер қабылдады, бұл: жаңадан пайда болған жасыл желектерді суару, қоғамдық кеңістіктерді жарықтандыру немесе оларды учаскелік полиция қызметкерінің патрульдеуі.

Қауымдастықтардың өзі тазалық пен тәртіпті сақтау арқылы тұрақтылықты қамтамасыз етуде бірдей маңызды рөл атқарады. 2018–2020 жылдары тұрғындар құрған барлық қоғамдық кеңістіктер мен әлеуметтік инфрақұрылым нысандары бүгінгі күні өте жақсы жағдайда жұмысын жалғастырып, қоғамдастыққа пайдасын тигізіп отыр, ал қоғамдастық осы жерлерге қатысы барын және олар үшін жауапкершілікті толығымен сезінеді.

# ҚОРЫТЫНДЫ СӨЗ

**Алма Шолпанкулова**
Орталық Азияның Еуразия қоры

**Біздің бағдарлама жұмыс істейтін ауылдардың халқының саны бар болғаны 1000-3000 адам. Олардың барлығы дерлік қоғамдық кеңістіктерден және қоғамға әкелетін барлық артықшылықтардан құр қалды. Балалар мен жасөспірімдерге бос уақытын өткізетін, қарым-қатынас құратын, кейде оқшауланатын, демалатын және спортпен айналысатын орындар болмады.**

**Бағдарламаға қатысу барысында тұрғындардың көзқарасы мотивацияға сенімнен бастап, өмір сүру жағдайының жақсаруына деген талапқа ауысады. Олар белсенділігін жалғастыратынын білеміз. Qoğamdyq Keñistikter бағдарламасының қатысушылары өз жобаларын сәтті жүзеге асырып, жаңа идеялар ойлап, басқа донорлардан грант алған кездер бар.**

Батыс Қазақстандағы ауылдар мен шағын қалалар тұрғындарының арасында вахта әдісімен істейтін жұмысшылар көп. Сол себепті талқылау барысында жұмысшылар жобаны уақытылы аяқтаймыз ба деп алаңдайды. Біз команда мен серіктестіктің мақсаты осы екенін, жобада бір адамның ынтасына емес, қоғамның күшіне сүйену керегін түсіндіреміз.

Белсенділер біздің емес, қауымдастықтың сенімін ақтамауға қорыққандықтан, өз жобаларына қатты алаңдайды. Басынан бастап қатысушылар жұмысқа бар ынтасын салып, жобаларды мерзімінен бұрын аяқтайды.

Qoğamdyq Keñistikter бағдарламасы тұрғындардың ғана емес, жергілікті биліктің де белсенділігін арттырады. Алғашында әкімдерге жобаның қажеті мен артықшылығын сендіруіміз керек болса, енді олардың өздері көбірек күш салып, бастамаларға көмектеседі. Белсенділермен бірге жобалардың тұрақтылығын қамтамасыз етудің жолдарын іздейді.

# ИНФОГРАФИКАЛАР

Жобаның географиясы






**Маңғыстау облысы:**
Баутин, Боранқұл, Форт-Шевченко

I кезең
09/2018-09/2019

II кезең

III кезең




**Маңғыстау облысы (10/2019 – 12/2020):**
Баутин, Боранқұл, Форт-Шевченко, Құрық

**Атырау облысы, Жылыой ауданы (02/2020 – 12/2020):**
Аққиізтоғай, Жаңа Қаратон, Қосшағыл, Майкөмген, Тұрғызба, Шоқпартоғай

І кезең
ІІ кезең
ІІІ кезең




**Маңғыстау облысы:**
Боранқұл

**Атырау облысы, Жылыой ауданы (02/2020-12/2020):**
Құлсары, Аққиізтоғай, Жаңа Қаратон, Қосшағыл, Майкөмген, Тұрғызба, Шоқпартоғай




## Іс-шаралар саны (барлығы: 41)

- жалпы деректер
- Маңғыстау облысы
- Атырау облысы
- Атырау облысы (онлайн іс-шаралар саны)

## Бағдарламаға қатысушылар саны: 807




- жалпы деректер
- Маңғыстау облысы
- Атырау облысы
- Атырау облысы (онлайн іс-шаралар саны)




## Іс-шараларға қатысушылар саны: 1287

- жалпы деректер
- Маңғыстау облысы
- Атырау облысы

*2021 жылдың басында

## Жобалар саны: 87



2–2,5 миллион теңге

гранттың орташа мөлшері

3,5–4 миллион теңге

гранттың максималды мөлшері

## қоғамдастықтың салымы* (барлығы: 29,5 млн.теңгеден астам **)




- жалпы деректер
- Маңғыстау облысы
- Атырау облысы

***ҚОҒАМДАСТЫҚТЫҢ САЛЫМЫ** – бұл жобаға қоғамдастықтың кез-келген көмегі:

– жергілікті тұрғындардың ақысыз еңбегі: әктеу және сырлау, нысандардың құрылысына қатысу немесе ағаш отырғызу және т.б.
– әкімдік пен бизнестің қолдауы: үй-жай мен көлік беру, құм, қиыршық тас және басқа материалдарды бөлу

** 2021 жылдың соңында

## Жасалған нысандар



ойын алаңдары мен спорт алаңдары



футбол алаңдары



саябақтарды, жастар аллеяларын, жағажайларды абаттандыру



мектеп асханалары



мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған орталықтар



психолог, логопед, ана мен бала кабинеттері

## нысандардың бенефициарлары мен пайдаланушылардың саны (23 700*)




- жалпы деректер
- Маңғыстау облысы
- Атырау облысы

* 2021 жылдың соңында

# ЖОБАЛАР









I кезең

II кезең

III кезең

17
өтінім

10
жоба




I кезең
II кезең
III кезең

## **Жастар аллеясы** (Форт-Шевченко)

Жоба жетекшісі Гүлғасира Тәжбенова өз жобасы бойынша жұмысты наурыз айында бастап, тамыз айының өзінде қала орталығында жастар аллеясын ашуды мақсат етіп отыр. Жасыл желек отырғызу, жарықтандыру және кішігірім сәулет нысандарын орнату сияқты жұмыстардың барлығына небары 1,5 миллион теңге қажет болды, ал әкімдік нысанды суару мен қорғауды қамтамасыз етуді міндетіне алды.

«Жастардың қоршаған ортасы неғұрлым жайлы болса және қарым-қатынас пен өзін-өзі көрсетуге мүмкіндіктер соғұрлым көп болса, олар туған жерінде қалады деген мүмкіндік соғұрлым артады және біздің жобаның мысалы оларға Форт-Шевченконы жақсарта түсуге сенім мен күш береді», – дейді Гүлғасира Тәжбенова.




I кезең

II кезең

III кезең

Келесі жылы «Теңізшевройл» ЖШС бұл жобаға байқаудан тыс қолдау көрсетеміз деген шешім қабылдады, бұл кеңістікті абаттандыру бойынша соңғы жұмыстарды жүргізуге және оны субұрқақпен айшықтауға мүмкіндік берді, соның арқасында бұл аллея Форт-Шевченко жастарының жақсы көретін, мерекелер мен мәдени шаралар өтетін демалыс пен қарым-қатынас жасау орнына айналдырды. Бұл жер уақыт өте келе гүлденген баққа айналуы үшін бастамашылар жыл сайын ағаш отырғыза береді.




I кезең
II кезең
III кезең

# «Күншуақ – балалар ойын алаңы» (Форт-Шевченко)

«Күншуақ» жобасының бастамашыл тобына Форт-Шевченко қаласының Абай көшесіндегі қалалық қоршаған орта мәселелеріне алаңдаушылық білдірген кәсіпкерлер, үй шаруасындағы әйелдер мен зейнеткерлер кірді. «Біздің көшеде 18 үй тұр, әр отбасында бала бар. Ауданда ешқандай қоғамдық кеңістік болған жоқ, ал көшенің өзі өте тар», – дейді жоба жетекшісі Жанар Әбішова. Құрал-жабдықты жаңарту және балалар қалашығын жасау арқылы ескі спорт алаңын абаттандыруды көршілер де бірден қоштады.




I кезең
II кезең
III кезең

«Бірнеше рет әкімдікке барып, мәселемізді шешу туралы өтініш бердік, ол жайында әлеуметтік желілерде жаздық, бірақ әр жолы бюджетте қаражаттың болмауына байланысты өтінішіміз қанағаттандырылмады», – дейді Жанар, ол 1,6 миллион теңге грант алып, бұл қаражат бұрын уақытының көп бөлігін үйде өткізуге мәжбүр болған балаларға арналған заманауи және қауіпсіз ойын кеңістігін жасауға мүмкіндік берді.

Нысанның қауіпсіздігін және ондағы тазалықты қамтамасыз ету үшін көршілер өз күшімен кезекшілік жүргізеді, сенбілік жасайды, орнатылған спорттық снарядтардың бояуын жаңартып тұрады және түнде алаңның қоршауын жабады.


ДЕЙІН


КЕЙІН

# «Отбасына арналған демалыс орны»
(Баутин)

Жеке кәсіпкер және көп балалы ана Ақтілек Құрманқұлова көршілерімен бірігіп, Қашаған Күржіманұлы көшесінде жергілікті қоғамдық кеңістік құру жобасын ұсынды, бұл жерде карттарға, жастар мен балаларға арналған, бос уақытты өткізуге қолайлы орын ешқашан болмаған.

Бірнеше ай ішінде көршілер бүкіл қауымдастыққа арналған отырғыш-күркелер және балалар алаңы жасалғанына куә болды, ал Ақтілек өз қаражатына алаңға жарық жүргізді.



«Ауылдың орталығындағы дүкеннің жанында әңгімелесу үшін жиналатын тұрғындардың демалысына арналған кеңістік құру туралы көптен бері ойлап жүрген едім. Көршілеріміздің арасынан бастамашыл топ жинап, бос жатқан жерде балалар ойнайтын алаңы бар, ауыл тұрғындарына арналған демалыс орнын жасаймыз деп шештік», – дейді жоба жетекшісі.


ДЕЙІН


КЕЗІНДЕ

КЕЙІН

# **«Еркеғұлов көшесіндегі спорт алаңын қалпына келтіру»**
(Форт-Шевченко)

Форт-Шевченко қаласындағы Еркеғұлов көшесінде 1980 жылдары салынған спорт алаңы бар, мұнда облыстың көптеген болашақ атақты спортшысы жаттыққан. Сонымен қатар ауданның барлық футбол, волейбол және баскетбол турнирлері де осында өтетін. 2019 жылы алаңның жағдайы өте нашар еді.

«Хазірет» жастар қоғамдық ұйымының директоры Күрең Медеуова осы жердің бұрынғы сәнін қалпына келтіру үшін ең үлкен топ – 53 адамды жинады! «Тартымды спорт алаңы балалар мен жастардың денсаулығын жақсартуға көмектеседі, ал жобаға тікелей қатысуы арқылы тұрғындардың жауапкершілігі артады әрі көпшілік жасаған дүниеге мұқият қарайтын болады деген шешімге келдік», – дейді ол.




I кезең

II кезең

III кезең

Спорт алаңының жанында үйшіктері бар, балалар ойнайтын алаң құрылды, ал келесі жылы «Теңізшевройл» ЖШС футбол алаңына көгал төсеуге қосымша қаражат бөлді.









## **«Ана мен бала бөлмесі»** (Баутин)

2019 жылдың күзіне дейін Түпқараған аудағындағы алты елді мекеннің ешқайсысында ана мен балаға арналған бөлме болған жоқ. Аяғы ауыр әйелдер мен жас аналар өз денсаулығы мен босануға дайындық туралы консультация алу, балаға күтім жасау бойынша кеңес немесе психологтың көмегін алу үшін Ақтауға баруға мәжбүр болатын, ал ауылдағы жасөспірім қыздар сексуалды денсаулық туралы ақпаратқа мүлдем қол жеткізе алмайтын еді.




I кезең
II кезең
III кезең

Жоба тұрғындардың шағын тобының күшімен іске асты және бүкіл аудандағы әйелдер мен қыздарға жеке консультация беріп, жүйелі түрде семинарлар өткізетін маманның жұмысына ақы төлеуге қаржы бөлген денсаулық сақтау басқармасының қолдауы арқасында толыққанды тұрақты жобаға айналды.



ДЕЙІН



КЕЙІН



КЕЙІН

## «Отан қорғауға дайындық – мектеп қабырғасынан басталады» (Боранқұл)

Мектептің алғашқы әскери дайындық мұғалімі Әскербек Ботағарин аудандық білім бөліміне бірнеше жыл қатарынан патриоттық тәрбие сабақтарына арнап кедергілер алабын құру және қажетті құрал-жабдық сатып алу туралы өтініш жіберген. Өз мектебінен мұғалімдер тобын жинап, грант алып, екі айда жобасын іс жүзіне асырды.



## «Үміт сәулесі» (Боранқұл)

Боранқұл ауылында мүмкіндігі шектеулі кем дегенде 20-ға жуық бала тұрады. Дефектолог Алмаш Аметова ерекше қажеттілігі бар балаларға ойын түрінде сабақ өткізуге арналған сенсорлық бөлме жасақтау туралы бастама көтерді. Оның жобасының арқасында 2019 жылдың көктемінен бастап қолайлы орта мен арнайы құрал-жабдықтар балаларға жүйке жүйесі мен физикалық денсаулығын нығайтуға, өз ойын білдіруге, коммуникативті дағдыларын және өзін-өзі бағалауын жақсартуға көмектеседі.



## **«Алтын ұя мектебім»** (Боранқұл)

Әр күзде және көктемде жауын-шашынға байланысты «Қарақұм» мектебінің ауласы және мектептің өзі қатты ластанып, мұғалімдер мен оқушылар көптеген қолайсыздыққа тап болатын. 2019 жылдың ақпанында ата-аналар, қызметкерлер мен түлектер мектеп корпустары мен қосымша ғимараттар арасында жаяу жүргіншілер жолын салуға және сонымен бірге ауланы абаттандыруға шешім қабылдап, жоба ұсынды. 1 қыркүйекке дейін барлық жұмыс аяқталды.



## **«Балалықтың мекені-балабақша!»** (Боранқұл)

«Қарақұм» балабақшасының директоры Ақтоты Бөлекбаева мектепке дейінгі мекеме аумағында салынатын, көрші үйлерде тұратын барлық балалар да келіп ойнай алатын ойын алаңының жобасын ұсынды. Бар-жоғы үш айда балабақша қызметкерлері мен ата-аналардың шағын жобалық тобы Балаларды қорғау күніне орайластырып ойын алаңын ашты.



# «Дені сау ұрпақ – мемлекеттің табысты болашағы»
(Боранқұл)



Боранқұл мектебінің бастамашыл тобы өз жобасында инфрақұрылымдық шешімді үйлесімді түрде іске асырды – мектеп асханасын ауыз сумен қамтамасыз ету және демалу мен таза ауада сабақ өткізуге арналған, отырғыштары бар үлкен күрке түріндегі қоғамдық орынды жасау міндетін шешті. Серіктес ретінде жеке кәсіпкер қатыстырылды, ол сумен жабдықтау жүйесін қалыпта ұстау шығынын көтерді.



15 өтініш/14 жоба

50 өтініш/18 жоба





# «Көрікті-әсем саябақ»
(Тұрғызба) АО

«2012 жылы алғашқы 50 көшетімізді бос жерге отырғызған кезде мектеп бітіріп жатқан едік», – деп еске алады бастамашыл топтың жетекшісі, 25 жастағы Бақыт Запенов: «Ауылымызда нағыз саябақ пайда болса екен деп армандай отырып, оны ұзақ уақыт күтіп баптадық».

Ағаштар өсті, бірақ бұл жер абаттандырылмай қалғандықтан, толыққанды демалыс аймағына айналған жоқ, ал жастар бұрынғыдай автобус аялдамасының жанында кездесіп, әңгімелесуін жалғастыра берді.

Жобаның төрт айында белсенділер ондаған ауыл тұрғынын тартып, қоғамдық кеңістікті толық қалпына келтіре алды. Саябаққа жайлы орындықтар орнатылды, айнала жарықтандырылды және жолдарға брусчатка төселді, ал қосымша көгалдандырудың арқасында жұмыс жасалған төрт айда саябақтың аумағы үштен бір бөлікке ұлғайды.

Ауыл әкімдігінің көмегімен саябаққа жарық жүргізілді, ал қауымдастықтың өзі саябақтың кіреберісіне қақпа мен арка жасады. Қазір бұл жер 3,500 тұрғыны бар ауылдың сүйікті демалыс орнына айналды. «Тұрғындардың ынтымақтастығының арқасында арманымызға жеттік», – дейді Бақыт Запенов.

I кезең
II кезең
III кезең



# «Көрікті-әсем саябақ»

(Тұрғызба) АО







I кезең

II кезең

III кезең



# Жағажайды абаттандыру
(Баутин) МО

Каспийдің шағын шығанағының жылы суы бар, теңіз жағалауындағы Баутин жағажайы көрнекі және адамдар көп жиналатын орын, бірақ әкімшілік оны қалпына келтіру үшін артық қаражатты ұзақ уақыт таба алмай жүрді. Мектептегі математика пәнінің мұғалімі Бибігүл Рамазанова бастаманы өз қолына алып, жобаны іске асыру үшін қамқор ауылдастар тобын жинауға шешім қабылдады.

«Бала кезімнен мен және  достарым әрқашан осы жерге шомылатынбыз, ал қазір ұлымды ертіп келемін. Шамамен 30 жылдан кейін де жағажай өзгеріссіз тұр», – дейді ол. Ондаған ерікті рельефті тегістеуге, жаңа құм әкелуге, күншатырлар мен орындықтар орнатуға, балаларға арналған ойын алаңын жаңартуға көмектесті. Бар-жоғы үш айлық жұмыс және 2 миллионнан астам теңге Баутиндағы сүйікті демалыс орнын түрлендіруге жұмсалды.

I кезең
II кезең
III кезең

# Жағажайды абаттандыру
(Баутин) МО







I кезең
II кезең
III кезең



# «Бешім ата» саябағы
(Қосшағыл) АО

«Бешім ата» саябағы – Қосшағыл кенті тұрғындарының жазда демалатын жалғыз орны, бірақ уақыт өте келе тиісті күтім болмағандықтан, саябақ нашарлап кетті. Оны күрделі жөндеуден өткізу, сахнаны қалпына келтіру және аумақты ретке келтіру үшін Мәдениет үйінің директоры Қалдыгүл Жұманованың жетекшілігімен бір топ белсенді тұрғын байқауға жоба ұсынды.

Жоба аясында саябаққа заманауи үлгідегі жарықтандыру жұмысы жүргізіліп, орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылды, отырғыш-күркелер, кіреберіс қақпалар мен қоршаулар қайта жаңартылды, ағаштар кесіліп, жаңа көшеттер отырғызылды. Жазғы театрдың ескі сахнасы толығымен жаңартылып, концерттер мен іс-шараларға қажетті құрал-жабдықтармен жарақтандырылды. Жоба нәтижесі тұрақты болуы үшін саябақ және ондағы барлық инфрақұрылым жергілікті Мәдениет үйінің балансына алынды.



## «Бешім ата» саябағы
(Қосшағыл) АО








I кезең
II кезең
III кезең



# «Дені сау ұрпақ — ұлт болашағы»
## (Құрық) МО

Құрықта небары 6000-ға жуық адам тұрады, бірақ мұндай шағын ауылдың өзінің орталығы мен шеті бар. Ауылдың шалғай аудандарының бірінің тұрғындары үшін басты кездесу орны – мектеп және оның аумағы. Бастамашыл топ балалар мен жастарға арналған білім беру, спорт және демалыс аймағының жобасын ұсынды.

Мектеп директорының орынбасары Айсұлу Жаңабаева 2019 жылдың төрт айында мектептің жанына стрит-уоркаут кешенін орнату үшін мұғалімдердің, ата-аналардың және тұрғындардың үлкен тобын жинады. Жұмыс аяқталғаннан кейін жарықтандыру, күзету және аланды жақсы жағдайда ұстау шығынын мектеп өз мойнына алды.

«Соңғы уақытта жастар спортпен айналысуды өте ұнатады, біздің алаңымыз – мұның айқын дәлелі. Бос жердің белсенді қоғамдық кеңістікке айналуы – өмірлік жағдайын өз күшімен жақсартуға болатынына көзі жеткен адамдардың ерікті жұмысының жемісі», – дейді жоба жетекшісі.

I кезең
II кезең
III кезең

## «Дені сау ұрпақ — ұлт болашағы»
(Құрық) МО







## «Гүлденген ауыл»
(Құрық) МО

Қарақия кәсіптік колледжінің ұстазы және сондағы жылыжай меңгерушісі Несібелі Мәметжан елді мекеннің қақ ортасындағы аурухана, балабақша, әкімдік пен банктің жанында орналасқан саябақты абаттандыру және қосымша көгалдандыру жобасын іске асыру үшін құрылған бастамашыл топты басқарды.

«Жылыжайларда гүл өсіреміз, ал көктемде оны саябаққа отырғызамыз. Құрық ауылы тұрғындарының демалуын, таза ауамен тыныстауын, гүл өсіруді үйренуін және ауылымыздың жайлы ортасы мен алуан түрлі ландшафтынан ләззат алуын қалаймыз», – дейді жобаның жетекшісі. Айта кететіні, бұл жобаға қоғамдастықтың қосқан салымы сұралған гранттың мөлшерінен екі есе асып түсті.

I кезең
II кезең
III кезең



**«Гүлденген ауыл»**
(Құрық) МО







## **Балалар қалашығы - 1, 2**
## (Баутин) МО

Көп балалы ана Тілектес Сәденова және облыстық су шаруашылығы мекемесінің қызметкері Болат Тоғаев Баутиндағы бір орынға арналған екі жобаны ұсынды. Жұмыс көлемінің көптігіне байланысты жоба екі кезеңге бөлінді: бірінші кезеңде сенбілік өткізіліп, рельеф тегістелді, балалар қалашығына арналған қоршау орнатылып, жарық жүргізілді, ал екінші кезеңде кішігірім сәулеттік формалар мен сахна орнатылды.

«Ауылымызда балалардың өзара араласып, дамуына қолайлы жағдай жасайтын, қазіргі заманғы креативтік кеңістік жоқ еді. Біздің қалашық – жай ғана ойын алаңы емес. Ол әртүрлі жастағы балалардың қызығушылығы ескеріліп құрылған төрт аймақтан тұрады. Мысалы, қалашықтың бірегей ерекшелігі – лабиринт», – деп мақтанышпен айтады жоба авторлары.

Қалашықта мектеп, аурухана және дүкен макеттері бар шағын үйшіктер бар, ал жолдарға жол белгілері және тіпті бағдаршам орнатылған. Мұнда бала өз ойын дамыта отырып, өз бетінше және топта ойнай алады. Кеңістікті безендіруде жағалауда орын тепken Баутин кентімен сәйкестік жан-жақты ойластырылған: маяк, көпір бар және сахна дизайны теңіз тақырыбында жасалған.

I кезең
II кезең
III кезең



## **Балалар қалашығы - 1, 2**
(Баутин) МО

Кент әкімдігі өз кезегінде қалашыққа қажетті жерді бөліп қана қоймай, жұмыстарды жүргізуге көмек көрсетті, ал жұмыс аяқталғаннан кейін қалашықты күзетуге және бейнебақылау камераларын орнатуға міндеттеме алды.








I кезең
II кезең
III кезең

## «Балғын балалық шақ» балалар ойын алаңы
(Форт-Шевченко) МО





«Арманымды жүзеге асыруға мүмкіндік бар екенін білгенде қатты қуандым», – дейді жоба идеясын ұсынған жергілікті мектеп-интернаттың мұғалімі Жанар Жұбаниязова. Бірнеше жыл бұрын үй сүрілгеннен кейін бос тұрған жерде әкімдік тұрғындарға ойын алаңын салуға уәде берген, бірақ көршілер бұдан әрі күтіп отырмай, оны өздері жасатуға шешім қабылдады. Жамбыл көшесіндегі ойын алаңы Балаларды қорғау күні мерекесінде ашылды, содан бері жүзден аса бала осы алаңда асыр салып ойнап жүр.

# «Тәні саудың жаны сау»
## (Боранқұл) МО

Боранқұл елді мекені  бірнеше ауылдан тұрады, оның екеуінде бұрын-соңды балалар ойнайтын кеңістік болған емес. «Бұлар – көшеде немесе үйлер арасындағы бос орындарды қоспағанда, ойнайтын еш жері жоқ 600-ден астам бала», – дейді Ақмарал Нұрбосынова, ол көршілерімен бірге ойын және спорт алаңын салу жөніндегі жобаның бастамашыл тобын жинады.






# «Көңілді аула»
(Баутин) МО

Баутинда жас отбасылар көп және олардың балаларының бос уақытын өткізу мүмкіндігінің жоғы үлкен мәселе. 14 жасқа дейінгі 30–35 бала тұратын Берішбаев көшесіндегі ойын алаңының жобасын 15 адамнан тұратын топты ұйымдастырған педагог Гауһар Тілеп ұсынды және іске асырды. Осылай, 2020 жылдың тамызында қараусыз жатқан бос жерде заманауи үлгіде жасалған, кешкі уақытта жақсы жарықтандырылып тұратын ойын алаңы пайда болды.


ДЕЙІН


КЕЙІН

I кезең
II кезең
III кезең

# «Спорт жанкүйерлері» (Майкөмген) АО

Майкөмгендегі №5 балалар- жасөспірімдер спорт мектебінде жақсы жабынмен жарақталған үлкен футбол алаңы болды, бірақ жанкүйерлерге арналған орын аз еді. Тұрғындар көп келетін бұл жерді жайлы ету үшін мұғалімдер мен еріктілердің бастамашыл тобы 2020 жылдың күзінде шатыры бар 100 орындық трибуна жасады. «Енді жарыс өткізіп, оларға көрермендерді шақыра аламыз, өйткені бұл үшін бізде барлық жағдай жасалған», – дейді жоба жетекшісі Қайрат Мұсағалиев.


ДЕЙІН



КЕЙІН


КЕЙІН

## «Бақытты балалық шақ»
(Құрық) МО

Батыс Қазақстан өңірінің ауылдарында көпбалалы отбасы көп. Мысалы, Құрық ауылының құрамына кіретін кішігірім Аппақ ауылында 500-ге жуық бала бар, ал олардың ойнайтын жері – тозығы жетіп, қираған бір ғана ойын алаңы. Қарақия кәсіптік колледжінің оқытушылары мен студенттері өз жобасы аясында үш ай ішінде орын дайындап, жаңа заманауи ойын кешенін жасады.





I кезең II кезең III кезең

# «Денсаулық – баға жетпес байлық»
(Боранқұл) МО

Боранқұл ауылдарының бірінде алғашқы ойын және спорт алаңын салуға бастамашы болған белсенділер бірігіп, өз ауылындағы тіршілік жағдайын қалаға сәл де болса жақындатуға тырысты. «Біздің балаларға қаладағы балалардай ойнауға жағдай жасағымыз келді, әйтпесе ауылдағы баланың айналысатын нәрсесі жоқ, тек телефонмен ойын ойнап қана отырады», – дейді жоба жетекшісі Бақытгүл Нұрманова.







I кезең
II кезең
III кезең

## «Балабақша аумағын абаттандыру»
(Майкөмген) АО



2019 жылы Майкөмген ауылдық округінде алғаш рет 100 орындық бөбекжай-бақша салынды, бірақ оның аумағы абаттандырылмаған және бюджеттен бұған қаражаттың қашан табылатыны белгісіз еді. Ауыл шөлді аймақта орналасқандықтан, мұнда аптап ыстық және шаңды дауыл жиі соғады. Балаларды аптаптан қорғау үшін балабақша ұжымы мен тәрбиеленушілердің ата-аналары өздері бөбекжай-бақшаның іргесіндегі аумаққа  көлеңке шатырын құру, көгалдандыру және абаттандыру жобасын өздері әзірлеп, іске асырды.



I кезең
II кезең
III кезең

## «Ашық аспан астындағы спорт алаңы»
(Тұрғызба) АО



«Тұрғызба – 3 600 тұрғыны ғана бар шағын ауыл. Бұл аудандағы халқының саны бойынша үшінші ауыл, ал инфрақұрылымы жағынан ең кенже дамыған. Біз өз жобамызды жүзеге асырмас бұрын мұнда бірде-бір спорт алаңы болған жоқ, ал басқа ауылдарда тіпті футбол алаңдары бар еді», – дейді жоба белсендісі, кәсіпкер Ақылбек Едігеев. Бастамашыл топ үш ай ішінде таза ауадағы спорт ойындары мен зияткерлік ойындарға арналған көпфункционалды ойын алаңын салды.



I кезең
II кезең
III кезең

# «Балалар – біздің болашағымыз» (Құрық) МО





Құрық ауылындағы №6 орта мектептің мұғалімдері мен ата-аналардың жобасы қоғамдық кеңістікті пайдаланушылар үшін жайлы және қауіпсіз орындар туралы идеясын ортаға салды. Мектеп ауласында оқушылардың демалуына және таза сабақ өткізуге арналған отырғыш-күрке салудан басқа, бастамашыл топ мектеп кіреберісін ретке келтіреміз деген шешім қабылдады. Қазір мектептің кіреберіс алаңы тегіс, таза, жерге қырлы кеспе тастар төселген.



## «Ас — адамның арқауы» мектеп асханасының жобасы

(Майкөмген) АО





Осыдан 25 жыл бұрын Майкөмген ауылындағы №17 орта мектеп құрылысының жобасында ас үйді жабдықтау және ауыз сумен қамтамасыз ету мәселелері көзделмеген және сол күйі шешілмеген болатын. Мұғалімдер мен ата-аналар мектеп асханасының жобасын жасады және жергілікті қоғамдастық жаңа оқу жылына дейін барлық жұмысты атқарды, ал үнемделген грант қаражатына мектеп ғимараты жылу ұстағыш материалмен қапталды. «Армандарымыз орындалды. Жаңа асхана балалар мен ата-аналарға зор қуаныш сыйлады», – дейді мектеп директоры және жоба жетекшісі Динара Андамасова.





## «Жан жылуы»
(Форт-Шевченко) МО



Жоба 430 оқушы, соның ішінде ерекше қажеттілігі бар 16 бала оқитын мектептегі психолог кабинетін жөндеу және толық қайта жабдықтау мәселесін қамтыды.



## «Абат баққа айналар балабақшам»
(Тұрғызба) АО



Жоба авторлары «Балауса» балабақшасының аумағын абаттандыруды және тәрбиеленушілер мен олардың ата-аналарына жайлы жағдай жасауды мақсат етіп қойды. Ол үшін мектепке дейінгі мекеме ауласына субұрқақ, шатыры бар құмды алаңшалар және гүлзарлар орнатылды.

## «Ұлт болашағы – иманды ұрпақ»
(Аққиізтоғай) АО

Ауылдың 50-ден астам тұрғыны экстремизмнің алдын алу бойынша жастармен жұмыс жүргізу үшін мешітке жапсарлас салынған ғимараттың құрылысын аяқтауға қатысты.



## «Мектептің гүлденуі – ауылдың гүлденуі»
(Боранқұл) МО

Боранқұл мектебінің қызметкерлері мен ата-аналары мектеп ауласын абаттандырды, жасыл желек отырғызды, тротуар төседі, орындықтар қойды, жарық жүргізді.



## «Жүректен – жүрекке»
(Тұрғызба) АО



№4 орта мектебіндегі «Жүректен – жүрекке» көркемөнер шеберханасында мүмкіндігі шектеулі балалар мен аз қамтылған отбасылардың балалары өздерінің шығармашылық қабілетін дамытады, мультимедиалық форматтармен жұмыс істейді, көрмелерге, дәрістерге және шағын кинотеатрға барады.

## «Таза аула – денсаулық кепілі»
(Форт-Шевченко) МО



Бес үйдің тұрғыны қоқыс контейнерлерін ауыстыру және Досан Тәжиұлы көшесіндегі «Балапан» балалар ойын алаңын жаңарту үшін бірікті.

## «Таланттар шеберханасы»
(Жаңа Қаратон) АО



2019 жылы еріктілер тобы №23 мектепте аз қамтылған отбасылардың балаларына және ауылда тұратын ерекше қажеттіліктері бар 27 балаға арналған ақысыз өнер шеберханасын жасады. Жобаның бастамашыл тобы мектеп оқушыларының инклюзивті шығармашылығы мен зияткерлік дамуына арналған шеберхананы толық жабдықтады.

## «Денсаулық» футбол алаңын қайта жөндеу
(Жаңа Қаратон) АО



Жаңа Қаратонда тұратын 8 000 адамның 3 500-і – жастар. Оларды спортқа тарту үшін белсенділер футбол алаңын күрделі жөндеуден өткізді: аумақты тазалады, тегістеді, жаңа көгал төседі, қоршаулар қойды, жарықтандыру жұмыстарын жүргізді.

I кезең II кезең III кезең

## «Мейірім шуағы»
(Қосшағыл) АО



Ауылдағы 160 балаға арналған жалғыз балабақшада балалар үшін тартымсыз және қауіпті ойын алаңы бар еді. Бастамашыл топ жаңа жабынды жауып, заманауи және қызықты заттарды орнатып, алаңды толығымен қайта жабдықтауды өз мойнына алды.

## «Бір арман, бір үміт»
(Боранқұл) МО



Сөйлеу қабілеті бұзылған Опорный орта мектебінің 40-тан аса оқушысы қазір толық жабдықталған логопед кабинетінде маманның көмегін алады.



## «Бақытты балалық шақ»
(Аққиізтоғай) АО



«Ақбөбек» бөбекжай-бақшасындағы ойын алаңдары 2017 жылдан бері жөнделмеген: жабдықтар істен шыққан, бояуы мен жабыны тозған. Жоба аясында ойын алаңы толығымен жаңартылды, сонымен қатар абаттандырылып, гүлзарлар егілді.



## «Таза қала»
(Форт-Шевченко) МО



Белсенділер қалдықтарды бөлек-бөлек жинауға арналған 90 контейнер жасады, ал әкімдік қалдықтарды уақтылы шығаруға және қағаз бен пластикті қайта өңдейтін компанияны іске тартуға уәде берді.

## «Бүкіл ауыл салауатты өмір салтына ұмтылады»

(Аққиізтоғай) АО



Спорт алаңын салу үшін №2 балалар-жасөспірімдер спорт мектебінің жаттықтырушылары, ата-аналар мен белсенділер алаңды өздері дайындап, оған ауылдың барлық тұрғындарының келуіне болатын заманауи кешен орнатты. Қазір онда күн сайын 200–250 адам жаттығады.

## «Дарынды балалар»

(Боранқұл) МО



Туберкулезге шалдыққыш балаларға арналған санаторий-балабақшаның аумағында қатты жер төсемі жасалып, мерекелер мен іс-шараларға арналған сахна орнатылды.

# «Ұлы даланың ұлы рухы»

## (Құрық) МО

Жоба аясында саябақ пен аудандағы жалғыз колледж аумағында патриоттық тақырыпта жасалған шағын сәулет формалары орнатылды.













I кезең

II кезең

III кезең

ЖОБАЛАР

# 96 өтінім/45 жоба




## Шағын жобалар тізіміне сілтеме:

- Негізгі жобалар
- Қоғамдық кеңістіктер
- Әлеуметтік инфрақұрылым
- Балалар және спорт алаңы

I кезең

II кезең

III кезең

**«XXI ғасыр көпірі»**
(Шоқпартоғай) АО






Негізгі жобалар

I кезең

II кезең

III кезең

Негізгі жобалар







I кезең

II кезең

III кезең

Шоқпартоғай ауылы орын тепкен аймақтың рельефі күрделі. Негізгі ғимараттар ауылдың әкімшілік орталығының айналасында тығыз орналасқанына қарамастан, 50-ге жуық үй сайдың ар жағында тұр. Ауа райы қолайсыз болғанда оның бойымен жүру мүмкін емес, бірақ жылдың құрғақ мезгілінде де ойпаңға түсіп, одан шығу – қиын шаруа. Жыраның арғы жағындағы үйлерде 80-нен астам мектеп оқушысы және балабақшаға баратын 50-ге жуық бүлдіршін тұрады. Ауылдың қақ ортасында орналасқан білім беру мекемелеріне күн сайын бару үшін сайдан өту қауіпті. Егде жастағы адамдар үшін де, қозғалу мүмкіндігі шектеулі жандар үшін де бұл – еңсерілмейтін кедергі. Айналма жол одан бір жарым шақырымға ұзынырақ, сонымен қатар ол да қауіп-қатерге толы, себебі адамдардың тротуары жоқ автокөлік жолының бойымен жүруіне тура келді. "Тұрғындар сайдан өтетін көпірді өткен ғасырдан бері армандап келді, бірақ қандай мекемеге барып сұрасақ та, мәселе сол күйі шешілмеді», - дейді Бақытжан Ерғалиев. Жергілікті кәсіпкерлер, жұмысшылар, фермерлер мен мүмкіндігі шектеулі адамдар мүше болып кірген тұрғындардың бастамашыл тобын құрған белсенділер жаяу жүргіншілер көпірін өздері салуға шешім қабылдады, ал құрылыс жобасын әзірлеуге сәулетшіні шақырды. Ұзындығы 35 метр жаңа көпір пандустармен және жауын-шашыннан қорғайтын шатырмен жабдықталған, бірақ ең бастысы, ол ауыл тұрғындары жиі баратын жерлерге апарар жолды екі есе қысқартты және жолды қауіпсіз етті.

# **«Жарқыра»**
## (Жаңа Қаратон) АО








I кезең

II кезең

III кезең




№7-"Болашақ" көшесі
№8-"Ақ отау" көшесі
№9-"Ұлан" көшесі
№90-"Майтөбе" көшесі
№11-"Құлагер" көшесі
10-"Кендала" көшесі
Мешит
Нур-Сатыбалды

Жаңа Қаратон кентінде елуден астам көше бар. Олардың көпшілігі асфальтталған және түнде азды-көпті жарықтандырылған – шамы жоқ жерлері де бар, дегенмен, тұтастай алғанда, тұрғындар көше бойымен қауіпсіз жүре алады. Алайда Нұр-Сатыбалды мешіті мен емхана сияқты маңызды нысандар орналасқан Ақ Отау, Болашақ және Ұлан көшелерінде түнгі жарық пен асфальт жабыны мүлде жоқ болатын. Тұрғындар ауыл әкімдігіне бірнеше рет шағымданды, бірақ мәселені шешу үшін қажетті қаражат табылмады. Qoğamdyq Keñıstıkter бағдарламасы бойынша грантты ұтып алған Амандық Қуатов бастаған топ жағдайды өз бетінше шешу туралы шешім қабылдады. Жаздың басында-ақ бұл көшелерге күн батареясымен жұмыс істейтін 35 автономды фонарь орнатылды. Осынау инновациялық шешім бюджет қаражатын үнемдеуге мүмкіндік береді, ал әкімдік жарықтандыру жүйесіне қызмет көрсетуге және қажет жағдайда лампаларын ауыстыруға міндеттеме алды. «Біздің қоғамдастықтың мәселесін шешу үшін қолданған әдісіміз азаматтық белсенді позицияның үлгісі болып қана қоймай, сонымен қатар жергілікті әкімшілікті неғұрлым экологиялы және энергия үнемдейтін технологияларға көшуге ынталандыруға тиіс», - дейді Амандық.



**«Бөкен би аялдама кешені»**
(Тұрғызба) АО






I кезең
II кезең
III кезең

Тұрғызба ауылындағы Бөкен би көшесіндегі аялдама кешенінің құрылысы 2021 жылдың қыркүйегіне таман аяқталды. Жоба авторы Мұратбек Ағыловтың айтуынша, ол ауылдастары үшін ортақ бір мәселені шешу үшін достарымен бірге Qoğamdyq Keñıstıkter бағдарламасына қатысуға шешім қабылдады. "Бұл біздің ауылдағы ең қажет етілетін аялдама. Тұрғызба халқының 70%-ы қалада жұмыс істейді, олардың көпшілігі күн сайын дәл осы жерден жұмысқа кетеді – қалааралық автобус немесе такси күтеді", - дейді Мұратбек. Бірақ бұл аялдама – жол жағасындағы орын ғана. Адамдар күннің шыжыған сәулесінен немесе жауын-шашыннан қорғану үшін дүкеннің кіреберісін паналауға мәжбүр. Жоба іске асырылған алты ай ішінде белсенділер алаңды дайындап, тегістеді, аялдаманы салды және оны орындықтармен, қоқыс жәшіктерімен жабдықтады, ал оның қабырғалары мен шатырын өрнектеуге жергілікті суретшілерді тартты. "Әрине, бұл адамдар демалатын және уақытты рахаттанып өткізетін қоғамдық орын деуге болмайды. Солай болғанымен, олар өз уақытының көп бөлігін осында өткізуге мәжбүр, ал енді бұл жердің жағдайы әлдеқайда жайлы", - деп түсіндіреді Мұратбек.

**«Жазғы саябақ» және «Киелі сахна»**
(Шоқпартоғай) АО








I кезең

II кезең

III кезең

Айбек Әбілқайыров бірнеше жылдан бері өзінің бастамасымен Шоқпартоғай тұрғындарына арнап әр түрлі іс-шара мен мереке ұйымдастырып келеді. “Біздің ауылда мәдени іс-шараға мүлдем орын болмайтын еді. Мұндай кеңістік құру үшін біз тұрғындардан ескі автокөлік тіркемелерін сұрап алып, әкімдік алдындағы алаңға қойып, ашық аспан астында концерт залын құратынбыз. Бұл біздің ауылда бұрыннан келе жатқан дәстүр еді – адамдар айтыс ұйымдастыру үшін аула-ауладан арба жинап алатын – бірақ қазіргі кезде адамдардан қайта-қайта сұрай беру ыңғайсыз», - дейді Айбек. Ол өз жобасында ауылда мәдени іс-шаралар өтетін заманауи сахнаның құрылысын салуды шешті, ал басқа уақытта ауыл үшін ерекше ғимарат қоғамдық кеңістік ретінде пайдаланылады.

**«Жазғы саябақ»**
(Шоқпартоғай) АО








I кезең

II кезең

III кезең

Ембі өзенінің жағасында орналасқан Шоқпартоғай ауылында тұрғындар демалуға келетін кішігірім жер бар, бірақ әзірге онда жасыл желек аз және онша жайлы емес. Дәуренбек Балжігітовтің айтуынша, бұл жерді шынымен жайлы ету үшін, ең алдымен, саябақты жақсылап көгалдарындып, ондағы талдар мен басқа да жасыл желекті қалпына келтіру қажет. Судың тапшылығына байланысты Атырау облысының климатында ағаш өсіру оңай емес, сондықтан белсенділер жобаға тамшылатып суару жүйесін бірден енгізді. Дәуренбек сегіз ауылдасынан тұратын команда жинап, конкурсқа өтінім берді, оған сонымен қатар саябақта орындықтар, әткеншектер, қоқыс жәшіктерін онатуды, тротуар салуды, сонымен қатар ауыл тұрғындары Qoğamdyq Keñistikter бағдарламасы аясында мәдени іс-шара өткізетін сахна құру үшін қырлы кеспе тастан жасалған аландарды кіргізді. Жобаның тұрақтылығын қамтамасыз ету үшін бастамашыл топ жергілікті әкімдік саябақты өз балансына қабылдайды және оның қауіпсіздігі мен дамытылуы үшін жауапкершілк көтереді деп келісті. Осылайша, бір жылға жетпейтін уақыт ішінде және небары 6 млн. теңгеге белсенділердің екі тобы шағын аумақта негізгі демалыс аймағын құра алды, ол «Киелі сахна» шағын жобасы аясында соғылатын жазғы сахна кешенімен бірге мәдени өмірдің орталығына айналады.

## «Қуаныш саябағы - 1» және «Қуаныш саябағы - 2»

(Қосшағыл) АО







I кезең

II кезең

III кезең





Негізгі жобалар

I кезең

II кезең

III кезең

5,000 жуық тұрғыны бар Қосшағылда серуендеу мен демалуға арналған орын жетіспейді. Ауыл жастары, жасөспірімдер кез келген жерде – аялдамада, дүкеннің жанында немесе мектеп не балабақша ауласында жиналады, сөйтіп басқа тұрғындарға қолайсыздық туғызады әрі өзінің бос уақытын жақсы өткізуге жағдайы жоқ. Жергілікті кәсіпкерлер Мерлан Бердіғалиев пен Мейрамбай Төрешов жалпы саны 30-дан астам адамнан тұратын екі топ жинап, кеңестік заманда негізі қаланған "Қуаныш" саябағын жандандыруға шешім қабылдады. "Ол кезде бүкіл ауыл болып ағаш-бұта еккен еді, бірақ кейінірек саябақ қаңырап қалды, ал оны қалпына келтіруге қаражаттың жетіспеушілігі әрқашан кедергі болатын", - дейді белсенділер. 2021 жылдың ішінде қоғамдастықтың күшімен саябақтың аумағы тазартылып, қырлы кеспе тастан жасалған жолдар мен жарықтандыру, музыка таратуға арналған дауыс зорайтқыштар және "I ❤ Qosshagyl" деген жазуы бар шағын сәулет нысаны пайда болды.



**«Жеңіс саябағы-1» және «Жеңіс саябағы-2»**
(Тұрғызба) АО






I кезең
II кезең
III кезең

Негізгі жобалар






Осыдан бір жыл бұрын туған ауылында «Көрікті әсем саябақ» шағын жобасы бастамасын іске асырған жергілікті қауымдастық көшбасшысы Бақыт Запеновтың жаңа жобасы да Тұрғызба халқына саябақ аймағын құруға арналды. "1941 жылы біздің ауылдан 1470-ке жуық ер майданға аттанды, олардың 370-і оралмады. 1995 жылы жеңістің 50 жылдығына орай бізде Жеңіс саябағы құрылды", - дейді Бақыт. 2017 жылы ауыл тұрғындары өз қаражатына осы жерге 150 көшет отырғызды, содан бері ағаштарды суарып, күтім жасады, бірақ саябақтың инфрақұрылымы ешқашан жаңартылмаған және әбден тозығы жетті. Жоба шеңберінде бастамашыл топ саябақтағы жолдар мен мемориал алдындағы алаңға қырлы кеспе тас төсеп, сол жерге орындықтар қойып, ағаш суару жүйесін құрды. Бір жыл ішінде саябақта мүмкіндігінше көп жұмыс жасауға және оның демалыс пен мәдени іс-шаралар орнына айналуын тездету үшін белсенділер жоспарланған қайта құру жұмыстарының көлемін екі бөлікке бөліп, екі жобаны да Qoğamdyq Keñıstıkter конкурсына ұсынды. Тұрғындардың екінші тобының бастамашысы Хамит Жекеев саябақ аумағын тазартуға кірісіп мен қоршаулар.



**«Жастар аллеясы»**
(Боранқұл) МО






Қоғамдық кеңістіктер

Боракұлда 7,700 адам тұрады, олардың жартысына жуығы – жастар. Қызығушылық туғызатын басты жер – ауылдың қақ ортасында орналасқан "Жастар аллеясы" саябағы. Адамдар көп баратын осы қоғамдық кеңістікті абаттандыруға әкімдік бастамашы болып, жобаның бастамашыл тобына 12 адам кірді. Саябақты одан да жайлы ету үшін белсенділер көгалдандыру жұмысына өздерінің күш-жігерін салып, грант қаражатын салуды шешті, ал заманауи автоматтандырылған суару жүйесі ағаштардың үлкен болып өсуіне қолайлы жағдай жасайды.



I кезең
II кезең
III кезең

**«Дисней саябағы-1» мен «Дисней саябағы-2»**
(Майкөмген) АО








I кезең

II кезең

III кезең

Майкөмген орта мектебінің директоры, 25 жастағы Динара Аңдамасова өскелең ұрпаққа арналған заманауи шығармашылық алаңдардың жоқтығын ауылдағы басты проблемалардың бірі деп санайды. "Балаларымызды гаджеттен алшақтату үшін олардың бос уақытын қызықты өткізуге, қарым-қатынас жасау дағдысын дамытуға және қиялдау қабілетін жетілдіруге қолайлы жағдай жасау қажет. Біздің жоба – жай ғана ойын алаңы емес, ол балалардың жасы мен қызығатын нәрсесіне қарай аймақ-аймаққа бөлінген бірегей кеңістік", - дейді жобаның бастамашысы. Ауыл әкімі балалар қалашығының құрылысына бос тұрған жерді бөліп, жұмыс жүргізу жағынан қолдау көрсетті. Мұнда мектеп, аурухана, дүкен макеттерін, сондай-ақ бөбектерге арналған әткеншек пен лабиринттен басқа, балаларға арнап ұйымдастырылатын шағын концерттер мен ойын-сауық бағдарламалары өтетін сахна пайда болды.



I кезең II кезең III кезең

**«Көрікті жастар аллеясы»**
(Майкөмген) АО








I кезең

II кезең

III кезең

Бос тұрған жерге жаңа саябақ құруға бастама көтерген Әйгерім Аманқос пен Қазыбек Төлегенов жетекшілік ететін топқа Майкөмгеннің 30-дан астам тұрғыны кірді. “Біз ауылдастарымызға үлкен идея, оларға лайық керемет демалыс орны туралы арманды іске асырамыз деп, бәрінің басын біріктіргіміз келді”, - дейді белсенділер. Көшбасшылар Жастар аллеясы деп атаған бұл орын болашақта Майкөмгендегі негізгі демалыс орнына айналады және ауылды жандандырады. Саябақта  отырғызылған 20 көшеттен, орындықтар мен қырлы кеспе тас төселген жолдаран құралған аллеяның өзінен басқа, әр түрлі іс-шараларға арналған сахна пайда болды. “Біздің ауылда мәдениет үйі жоқ, ал облыс орталығы 60 шақырым жерде орналасқан. Кейде тұрғындар мәдени мекемелерге бару және тіпті жай серуендеу үшін сонда барады, бірақ мұны қалаған кезде жасауға ешкімнің шамасы келмейді – бұл әрі алыс, әрі қымбат”, - деп түсіндіреді Әйгерім мен Қазыбек. Жаңа сахнада жаңа таланттар ашылады, жастардың шығармашылық байқаулары мен бүкіл ауылға арналған мерекелер өтеді. Жаңа саябақтың балалардың ойын алаңқайы мен футбол алаңына жақын жерде орналасуынан бұл жер ауылдың нағыз тартымды орталығына айналады.





**Төлегенов Ахметжан Төлегенұлы:**

Майкөмген ауыл ақсақалы

**«Майкөмгеннің көркейюіне септіктерін тигізіп жатқан жастарға Алланың нұры жаусын дейміз. Осыны қарап кейінгі жастар үлгі алсын. Барлығымыз ауылдан шықтық. Балаларымыз үшін жасалып жатқан жағдайлардың барлығын ертеңгі күні, халқына, еліне қайтаратын болады. Әрбір бала жастайынан осындай еңбектер жасалынып жатқанын көріп, патриот болып өсетін болады.»**



**Аманқос Айгерім:**

«Көрікті жастар аллеясы» жобасың жетекшісі Аманқос Айгеріммін. Ауыл тынысын жандандыру мақсатында екі жобаны біріктіре отырып « Көркем жастар алеясын» салдық. Аудан орталығы ауылымыздан 60 шақырым қашықтықта орналасқандықтан демалу орындарына барып демалу тиімсіз болатын. Және ауылымызда мәдениет үйі қарастырылмаған. Жастар алеясы көлемі 20х30. Осы көлемді алдымен шарбақпен қоршап, брусчатка төсеп, орындықтар орнатып көгалдандырдық. Ауылымыздың талантты балалары өз өнерлерін киелі сахнада еркін дамытсын деген ниетпен, Саябағымыздың төріне үлкен сахна орнаттық. Жобамызға 18 аса ауыл азаматтары бірлесе атсалысты. Біздің бұл жобамыз ауыл және ауыл тұрғындарына акелер пайдасы мол. Ауыл жастары тазалығын қадағалауды өз мойындарын алды. Ауыл тұрғындары, еңбектеген баладан, еңкейген картқа дейін осы саябақта демалып, уақыттарын қызықты өткізіп жүр.»



I кезең
II кезең
III кезең

**«Жеңіс аллеясы»**
(Аққиізтоғай) АО








I кезең

II кезең

III кезең

Кәсіпкер Нысанбек Бақтыбаевтың айтуынша, Аққизтоғайдағы Жеңіс саябағының саябақ деген атауы ғана болған. “Егер осы атауы ғана болмаса, бұл жерде ештеңе де жоқ еді деп айтуға болады”, - дейді ол. Жоба аясында тұрғындардың бастамашыл тобын жинаған ол 6,300 шаршы метр аумақты бірлесіп қайта құруға шешім қабылдады. Саябақты абаттандыру жұмыстарына алаң мен тротуарға қырлы кеспе тас төсеу, бүлінген қоршау мен кіреберіс қақпаларды жөндеу, бордюр ауыстыру, сондай-ақ саябақта мәдени іс-шаралар өткізу үшін сахна тұрғызу кірді.

**«Бешім Ата» саябағы**
(Қосшағыл) АО









Қосшағылдағы жергілікті Мәдениет үйінің қарамағындағы "Бешім Ата" орталық саябағы әрқашан ауыл тұрғындарының басты кездесу мен демалыс орны болған. "2020 жылы біз ондағы жазғы сахнаны қалпына келтірдік, саябаққа жарық жүргіздік, орындықтар қойдық, қоршауы мен қақпасын ауыстырдық. Мұның бәрі Qoğamdyq Keñistikter бағдарламасының арқасында мүмкін болды", - деп әңгімелейді жоба жетекшісі Қалдыгүл Жұманова. Жасалған істің жалғасы ретінде 2021 жылы белсенділер 15 жаңа ағаш отырғызды – бастамашыл топтың әр мүшесі бір-бір ағаштан екті – және саябаққа суармалы су құбырын тартты.


















I кезең II кезең III кезең

**«Үміт сыйла»**
(Құлсары) АО






I кезең

II кезең

III кезең

2016 жылы Алмагүл Дәулетова мүгедектігі бар балалардың ата-аналарын біріктіріп, Құлсарыда мүмкіндігі шектеулі балаларды бейімдеуге арналған "Үміт сыйла" орталығын ашты. Содан бері демеушілер мен ата-аналардың көмегіне сүйене отырып, орталық логопед, дефектологтар мен басқа мамандарды шақырады, құрал-жабдық сатып алады, бірақ әрі қарай даму үшін қаражат жеткіліксіз болды. Алмагүл кәсіпкерлер мен ерекше балалардың ата-аналарының бастамашыл тобын жинап, заманауи сенсорлық бөлмені жабдықтап, БЦС (балалардың церебральды сал ауруына) шалдыққан балалармен жұмыс істеу үшін арнайы костюмдер сатып алуды ұсынды. "Бізде 44 бала оңалтудан өтіп жатыр. Біздің орталықта 12 бала алғашқы қадамын жасады. Енді Qoğamdyq Keñıstıkter бағдарламасының арқасында біз неғұрлым көп балаға неғұрлым сапалы көмек көрсете аламыз, өйткені бұл ауданда 500-ге жуық мүмкіндігі шектеулі бала тұрады», - дейді Алмагүл.





Әлеуметтік инфрақұрылым

**«Армандар орындалады»**
(Құлсары) АО






Құлсарыдағы «Алтын қадам» орталығын 2018 жылы Алматы мен Нұр-Сұлтан қалаларынан келген білікті мамандардың арнайы қызмет көрсетуін ұйымдастыру үшін мүмкіндігі шектеулі балалардың ата-аналары ашты. Бұл орталықта 30-дан астам баланың ата-анасы балаларымен бірге әр түрлі оңалту жаттығуларын өз бетімен орындауды үйренеді. "Алтын қадам" орталығында жаттығу үшін Қаратоннан Доссорға дейінгі облыстың басқа ауылдарынан да адамдар келеді. Грант қаражатына балалармен сабақ өткізуге қажетті қосымша құрал-жабдық сатып алу үшін Назгүл Кариеваның бастамашыл тобына 30-дан астам адам келіп қосылды. 2021 жылдың қарашасына қарай орталықта жаңа дамыту панельдері, еден жабыны, массаж және оңалту тренажерлары пайда болды.



**«Гүлдене бер, мектебім»**
(Боранқұл) МО






Әлеуметтік инфрақұрылым

2020 жылы "Мектептің өркендеуі – ауылдың өркендеуі" жобасының бастамашыл тобы Боранқұл орта мектебінің ауласын абаттандыру аясында оны жарықтандырып, орындықтар мен гүлзарлар орнатты. Жобаны жалғастыру үшін белсенділер жауын-шашын жауған кезде мектеп ауласында пайда болатын балшыққа байланысты мәселені шешуді мақсат етіп қойды. Ауа райы қолайлы болып тұрғанда мұғалімдер мен мектеп оқушыларының ата-аналары жаңа алаңқай мен жаяу жүргіншілер жолын жасады.



# **«Жүрек жылуы»**
(Құлсары) АО






Әлеуметтік инфрақұрылым

I кезең

II кезең

III кезең

Әлеуметтік инфрақұрылым

Жергілікті атқарушы орган өкілдерінің бастамасымен және қолдауымен жүзеге асқан бұл жоба қалада болашақ аналар мен қиын өмірлік жағдайға тап болған әйелдерге әлеуметтік қолдау көрсету орталығын құру мақсатын көздейді. Бұл үшін белсенділер қолданыстағы үй-жайды қайта құруды және әйелдерді қабылдап, оларға кеңес беруге болатын кабинет жабдықтауды ұсынды.



**Шебер қолдар**
(Тұрғызба) АО






Бұл жобаға бастамашы болған Нұрила Мақсотова небәрі 24 жаста. М.Әуезов атындағы №4 мектепте педагог болып жұмыс істейтін ол балаларды оқытудың стандартты емес әдістерін үнемі іздейді, оларға міндетті мектеп бағдарламасына қоса жаңа дағдыға үйретуге тырысады. "Балшықтан әр түрлі нәрсені сомдау мүмкіндігі шектеулі балалардың дамуы үшін өте пайдалы және олар үшін ғана емес. Біздің жоба бұл арт-терапия әдістемесін Жылыой ауданында бірінші болып енгізді", - дейді Нұрила. Оның жаңа кабинеті балаларға қыш-құмыра заттарын жасау құралдарымен де, мультимедиялық материалдармен де толық жабдықталған.



**«Балалар — біздің бақытымыз»**
(Құлсары) АО






Балалар және спорт алаңы

I кезең

II кезең

III кезең

# Балалар және спорт алаңы

Бес баланың анасы Алтын Тілеубаева Құлсары қаласының Достық ықшам ауданында тұрады. Қаланың бұл бөлігінде балаларға арналған ойын алаңдарының тапшылығын жақсы біледі. Оның айтуынша ойын - балалардың жалпы дамуының маңызды факторы, бүлдіршіндерге жағдай жасалмаған кезде бос уақытын текке өткізіп, көптеген мүмкіндіктерді жіберіп алады. Алтынның бастамасымен қолға алынған жобаның арқасында ауданда әр түрлі жастағы балаларға арналған ойын кешендері бар үлкен алаң салынды.





Балалар және спорт алаңы

## “Street workout”

(Боранқұл) МО






I кезең
II кезең
III кезең

# Балалар және спорт алаңы

2020 жылғы жобаға сәйкес Боранқұлда салынған футбол алаңы әр түрлі жастағы ауыл тұрғындарының сүйікті орындарының біріне айналды. Алаңда балалар мен жасөспірімдер доп теуіп, ересектер жаттығады. 2021 жылы әкімдік қызметкерлері, кәсіпкерлер мен тұрғындар қайтадан бірігіп, ауылдастарын салауатты өмір салтына қызықтырудың жолдарын іздестіре бастады. Тамыз айының соңына қарай бұл баскетбол алаңы мен street workout жабдықтары бар көпфункционалды ашық спорт орталығына айналды.


ОРЫНДАЛУДА


ДЕЙІН


КЕЙІН



**Өскенбаев Ғабит:**

«Мен Өскенбаев Ғабит, көше жаттығу алаңы жетекшісімін. Мақсатымыз ауыл жастарына салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен айналысуына жағдай жасау болды. Себебі, бұрын соңды жақын жерде көше жаттығу алаңы болған жоқ. Осындай мүмкіндіктер берген ТШО-ның қолдауымен Қоғамдық кеңістіктер жобасына, ауыл тұрғындары атынан алғысымызды айтамыз.»

Балалар және спорт аланы

**«Сарыжайлау»**
(Қосшағыл) АО






I кезең

II кезең

III кезең

# Балалар және спорт алаңы

"Сарыжайлау" демалыс аймағы Аққизтоғай ауылдық округі мен Қарағай ауылының орталығында 3 гектар жерде орналасқан. Жаңа Қаратон мен Тұрғызбының тұрғындары ойын алаңдарында сергіту үшін балаларын кейде Құлсары қаласының облыс орталығына апара алады. Ал Аққизтоғайдан ойын алаңдарына жету қиын, жол алыс, ауылдың өзінде балаларға арналған алаңдар жоқ. Демалыс аймағында көңіл көтеруге түрлі мүмкіндіктер бар, аумаққа кіру тегін, бірақ ішіндегі барлық қызмет ақылы. Қосшағыл қаласындағы жұмыспен қамту орталығының қызметкері Сандуғаш Құрманғалиева демалыс аймағының әкімшілігімен келушілерге тегін балалар ойын алаңын құруға, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларға иппотерапия сабағын ұйымдастыруға келісті.



I кезең
II кезең
III кезең

Балалар және спорт алаңы

**«Жаны саудың — тәні сау»**
(Жаңа Қаратон) АО






# Балалар және спорт алаңы

Жаңа Қаратондағы Майтөбе көшесінде көпбалалы отбасылар тұрады. Мектеп мұғалімі Гүлзира Байсейітова ауылдың кішкентай тұрғындары бұқаралық спортқа қатысып, құрдастарымен таза ауада көбірек уақыт өткізуі үшін 25 көршіден тұратын бастамашыл топ жинады. "Әдетте, барлық спорт алаңдары ересектерге арналған, ал балаларымыздың дені сау және көпшіл болып өсуін, төзімділік пен өзара көмекке үйренуін армандаймыз. Бұл қасиеттерді дамыту үшін футбол, баскетбол, волейбол сынды топтық ойындар - ең жақсы құрал”, - дейді Гүлзира.



I кезең
II кезең
III кезең

Балалар және спорт алаңы

**«Бақытты балалық шақ»**
(Боранқұл) МО






Балалар және спорт алаңы

Боранқұл орта мектебінің директоры Ұлмекен Бисенғалиева осы ауылдың құрамына кіретін №1 ауылдағы ойын алаңының жобасын ұсынды. “Балалардың бәрі далада ойнағанды жақсы көреді, бірақ біздің балалардың ондай мүмкіндігі жоқ. Балаларымыз ойнау үшін басқа ауылға баруға мәжбүр, алайда бұл алыс, ыңғайсыз, тіпті кешке қауіпті”, - дейді ол. 2021 жылдың қазан айында бос жатқан жерде заманауи ойын алаңы пайда болды. Алаңда ауылдың 900-ге жуық баласы ойнай алады.



**«Дені саудың – жаны сау»**
(Құлсары) АО






# Балалар және спорт алаңы

Құлсары қаласының №4 шағын ауданының тұрғындарының басым бөлігі - жастар. Олар бос уақытын шағын-футбол алаңында өткізгенді ұнатады. Дегенмен, алаңда бір уақытта 10-15 адам ғана ойнай алады. Сол себепті жастар футбол ойнау үшін кезекке тұруға мәжбүр. “Жастар уақытты босқа өткізбеуі үшін оларға спорттың ең демократиялық түрін, street workout алаңын, салуды шештік”, - дейді Асылбек Тұржанов.


ОРЫНДАЛУДА


ДЕЙІН


КЕЙІН

I кезең
II кезең
III кезең

**«Шамшырақ» балалар ойын алаңы**
(Құлсары) АО






# Балалар және спорт алаңы

Құлсары қаласында шамамен 60 000 адам тұрады. Барлық тұрғындардың бестен бір бөлігі - балалар. Бастамашыл топтың айтуынша, қаладағы ойын алаңдары барлық баланың 10%-ын ғана қамтиды, ал №3 ықшамауданда ойын алаңы мүлде жоқ. “Балаларын ойнату үшін тұрғындар басқа жерлерге баруға мәжбүр», - дейді Нұрсылана Исмағұлова. Белсенділер жасаған жарқын және заманауи снарядтары бар алаңда балалар неше түрлі ойын ойнай алады.



I кезең
II кезең
III кезең

Балалар және спорт алаңы

**«Шынықсаң — шымыр боласың»**
(Аққиізтоғай) АО






I кезең

II кезең

III кезең

Балалар және спорт алаңы

Аққиізтоғайдағы спорт мектебі директорының орынбасары Ғайша Ерғазиева ауылда физикалық дамумен айналысқысы келетін тұрғындар үшін жабдықталған спортзал болмағандықтан, оның мектебі бұл мәселені шешуге жетекшілік етуі керегін түсінді. "Біз ауыл тұрғындарының шамамен үштен бір бөлігі спортпен шұғылданып, салауатты өмір салтын ұстануы үшін мектеп ауласындағы жаттығу алаңын жабдықтарды  жақсартуды шештік", - дейді ол. Спорт жабдықтарын ауыл тұрғындары күзден бастап емін-еркін қолдана алады. Алаңға шамамен 2 миллион теңге жұмсалды.



**«Ауыл балаларының әлеуеті»**
(Ақкиізтоғай) АО








Балалар және спорт алаңы

# Балалар және спорт алаңы

Аққиізтоғай - 150-ге жуық үйі бар шағын ауыл, бірақ онда 250-ден астам бала тұрады. Дәурен Жетпісбайұлының айтуынша, ауылда балаларға ешқандай жағдай жасалмаған. "Ойын алаңы апатты жағдайда. Алаң 15 жылдан бері жөнделмеген. Алаңда ойнау қызық та, қауіпсіз де емес",- дейді ол. Бастамашыл топ екі айдың ішінде қираған ойын алаңын қалпына келтірді және жаңа ойын конструкцияларын орнатты.



Балалар және спорт алаңы

## «Дені сау ұрпақ — ұлт болашағы»

(Боранқұл) МО






I кезең

II кезең

III кезең

# Балалар және спорт алаңы

Боранқұл орта мектебінің өтінімі тұрғындарды ауылдың құрамына кіретін №5 ауылда балалар ойын аймағы салу бойынша 2020 жылғы жобаны жалғастыру үшін біріктірді. Белсенділер бастапқыда аймаққа спорт алаңын да салғысы келді, бірақ бюджеті шектеулі болғандықтан жобаны 2021 жылға қалдырды. Төрт жарым айдан кейін жаңа спорттық тренажерлер бұл кеңістікті балалар ғана емес, жасөспірімдер үшін де тартымды етті.







**«Алақай балақай» балалар ойын алаңы**

(Құлсары) АО






I кезең

II кезең

III кезең

# Балалар және спорт алаңы

Құлсары қаласының шетіндегі "Төлес" ықшам ауданы өте жылдам қарқынмен өсуде. Тұрғындардың көп бөлігі балалы жас отбасылар, бірақ ауданның инфрақұрылымы артта қалып жатыр. "Төлесте" 200-ден астам үйге арналған бірде-бір ойын алаңы болмады. "Балалар ойнау үшін қаладағы басқа аудандарға баруға мәжбүр болды. Мен әр бала өз ауласында, өз үйінің жанында, ата-анасының көз алдында ойнауы керек екеніне сенімдімін", - дейді көршілерді жинап, үлкен және заманауи ойын алаңының жобасын ұсынған жоба бастамашысы Ғани Мұрзағалиев.



I кезең
II кезең
III кезең

## «Спорт — денсаулық кепілі»
(Құлсары) АО






I кезең

II кезең

III кезең

# Балалар және спорт алаңы

Құлсары қаласының №1 шағын ауданының тұрғындары кәсіпкерлер, жеке компаниялардың жұмысшылары мен қызметкерлері үлкен спорт алаңын толық жөндеуден өткізуге шешім қабылдады. Спорт алаңына орнатылған жабдықтар 15 жыл ішінде моральдық және физикалық тұрғыда ескірген. Көршілермен өз идеясын талқылап, қолдау тапқаннан кейін белсенділер жалпы алаңы 200 ш.м. қауіпсіз резеңке жабын, жаттығу құралдары мен боксқа арналған жабдықтар орнатты.



I кезең
II кезең
III кезең

Балалар және спорт алаңы

**«Спорт алаңдарын абаттандыру»**
(Жаңа Қаратон) АО






I кезең

II кезең

III кезең

Балалар және спорт алаңы

Серік Қашабаевтың айтуынша, Жаңа Қаратонның жеті мың тұрғыны спорт алаңдарының жетіспеушілігінен зардап шегеді. Серікте ауылдағы футбол алаңы негізінде тұтас спорттық кластер құру идеясы болды. Алаңның жанында street workout пен орындықтар пайда болды, алаңның өзі тормен жабылған және көрермендер үшін трибуналар тұрғызылды. Сонымен қатар, алаңның айналасына тамшылатып суару жүйесі орнатылған 100 көшет отырғызылды. Белсенділер жылдар өте ағаштар алаңды көлеңкелетіп, құмды желден табиғи қорғаныс болады деп үміттенеді.





Балалар және спорт алаңы

**«Ойын аралы»**
(Боранқұл) МО






I кезең

II кезең

III кезең

Балалар және спорт аланы

**“Ойын балаға өзін еркін сезінуге, қарым-қатынас құруға және дамуға көмектеседі. Басқалар сияқты ауыл балалары да ойнауды және көңіл көтеруді армандайды, бірақ ауылымызда ондай мүмкіндік аз”, - дейді Ғалымжан Баймағанбетов. Ғалымжан әр түрлі жастағы 300-ден астам бала тұратын №3 ауылда 4 айда ойын алаңын салуға шешім қабылдады. 2021 жылдың қазанында белсенділердің арқасында мұнда әткеншек, құмсалғыштар, сырғанайтын төбешіктері бар ойын алаңы ашылды.**



I кезең
II кезең
III кезең

**«Алаңға арналған көгал»**
(Майкөмген) АО








I кезең
II кезең
III кезең

# Балалар және спорт алаңы

2020 жылдың қаңтар айында Майкөмгенде Жылыой аудандық №5 спорт мектебі ашылды. Сол жылы мектеп жаттықтырушылары мен еріктілерден құралған бастамашыл топ Qoğamdyq Keñıstıkter бағдарламасы бойынша жанкүйерлерге арналған шатырлы трибуналдар орнатуға грант алды. 2021 жылы белсенділер болашақ футболшыларға арналған жаттығу алаңын жетілдіргісі келді.  Жас ойыншылардың жарақаттануына әкелетін резеңке төсеніште табиғи көғалға алмастырды.



I кезең
II кезең
III кезең

**«Менің балалық шағым»**
(Жаңа Қаратон) АО






Балалар және спорт аланы

# Балалар және спорт алаңы

Зейнеткер мұғалім Бағытжан Жұмағалиева мен жобаның бастамашыл тобына енген 25 ерікті Жаңа Қаратон қаласының шетіндегі бос жерді мектепке дейінгі балалар мен бастауыш сынып оқушыларына арналған ойын алаңына айналдырды. Майтөбе көшесінде тұратын 150-ден астам бала енді жеке үйлерінің ауласында ғана емес, сонымен қатар "Менің балалық шағым" ойын алаңында құрдастарымен бірге ойнай алады.



І кезең
ІІ кезең
ІІІ кезең

**«Бүлдіршін»**
(Құлсары) АО






I кезең

II кезең

III кезең

# Балалар және спорт алаңы

Ауылда футбол алаңы тұрғындар үшін әрқашан маңызды қоғамдық орындардың бірі. Құлсарыда қарқынды дамып келе жатқан "Әуежай" ықшам ауданында ересектерге арналған үлкен алаң бар еді, бірақ ол жерде балаларға ойнауға ыңғайсыз болды. "Біздің балалар жеке футбол алаңын армандады. Әр көшеде 40-50 бала тұрады. Жобаның арқасында бұл арманды жүзеге асыра алдық", - дейді бастамашыл топ жетекшісі Бағдат Тілеубаев.



I кезең
II кезең
III кезең

Балалар және спорт алаңы

**«Денсаулық — зор байлық»**
(Құлсары) АО






# Балалар және спорт алаңы

"Әуежай" шағын ауданындағы тағы бір жоба балалардың бос уақытын қызықты өткізу үшін қолайлы жағдай жасауға бағытталған. "Бізде ойын алаңы болмағандықтан, балалар жол бойында ойнады. Көптеген ата -аналар баласының қауіпсіздігіне алаңдап, оларға теледидар мен ұялы телефон беріп,  үйде қалдыруды жөн көреді", - дейді Архат Ермеков. Оның жетекшілігіндегі бастамашыл топ балалардың белсенді және қауіпсіз демалуы үшін спорт және ойын алаңын салды.





I кезең
II кезең
III кезең

Балалар және спорт алаңы

**«Балалықтың ғажап ауласы»**
(Тұрғызба) АО






I кезең

II кезең

III кезең

# Балалар және спорт алаңы

Тұрғызба ауылында ойын алаңдары жеткіліксіз. Тоқтар Шандыбаевтың жобасы бұл мәселені ішінара шешуге бағытталған. Жұбанов көшесінде далада ойнауға арналған белсенді ойындар үшін заманауи алаң пайда болды. Белсенділер ойын алаңы мен шағын футбол алаңының қауіпсіздігіне ерекше назар аударды.








**Шаңдыбаев Тоқтар Сағынғалиұлы:**

«Тұрғызба ауылында балалар ойын алаңы тапшы болатын. Ұсынған жобамыз осы тапшылықты жойды. Біз ауыл тұрғындары болып балалар ойын алаңын салдық. Бұл жоба арқылы ауылымыздың бүлдіршіндерін ойнататын алаң пайдалануға берілді. Сонымен қатар бүлдіршіндерімізге қолайлы орта қалыптасуда. Сондай ақ бүлдіршіндеріміздің салауатты өмір салтын ұстануға үйретіп, денсаулығының мықты болып өсуіне жағдай жасалынды. Жоба барысында балалардың қауіпсіздігі үшін қоршаулар орнатылды. Сонымен қатар, балаларға ойнауға арналған құрылғылар қондырылды. Балалардың қауіпсіздігі үшін резеңке төсеніштер төселінді. Жобаға қауымдастық мүшелерімен 25 ауыл тұрғындары қатысты.»

Балалар және спорт алаңы

I кезең
II кезең
III кезең

**«Спорт — денсаулық кепілі»**
(Боранқұл) МО






Балалар және спорт алаңы

I кезең

II кезең

III кезең

Балалар және спорт алаңы

2014 жылы меценат Мұратбек Жауперов туған ауылында шағын футбол алаңын салғаннан кейін, жастардың жаттығуға мүмкіндігі пайда болды. Соңғы үш жылда балалардың табандылығы өз жемісін бере бастады - ауыл командалары аудандық және облыстық турнирлерде жүлделі орындарға ие бола болып, республикалық деңгейде де өнер көрсетеді. Осы жылдар ішінде алаң бірде бір рет жөнделмеген, сондықтан бір топ белсенділер оны жаңартып, жетілдіріп,  оның даңқы мен қоғамдастық үшін маңызын қалпына келтіруге шешім қабылдады.



Балалар және спорт алаңы

**«Кел балақай»**
(Тұрғызба) АО






# Балалар және спорт алаңы

“Qoğamdyq Keñistikter жобасы біз тұратын Тұрғызба ауылының дамуына, әсіресе ауылымыздың 100-ден астам баласына серпін берді,”, - дейді осы жобаның жетекшісі Айнагүл Тәжімұхан. Қонаев көшесіндегі ойын алаңын жаңарту керек еді. Көптеген жас отбасылар балалардың бос уақытын ұйымдастыруда біраз қиындықтарға тап болды. Биыл грант есебінен қоғамдастық күш салған ойын алаңын белсенділер одан әрі ересектер үшін абаттандырғысы келеді.





**Тәжімұхан Айнагүл Нұрланқызы:**

«Мен Тәжімұхан Айнагүл Нұрланқызы, «Кел балақай» балалар ойын алаңының жетекшісімін. Бұл жобадағы мақсатымыз, көшемізде тұратын 50ге жуық баланы салауатты өмір салтын ұстануға баулып, таза ауада уақытын өткізу болды. Ең басында, біз ынталы топпен біріге отырып, жобамыздың жері тегістеліп, қоршаулар жасалынып, жаңадан ойын алаңына қажетті құрылғылары әкелініп құрылған болатын. Жоба сәтті аяқталып, тұрғындар игілігіне берілді. Қазіргі таңда балалар асыр салып ойнап жүр. Осындай мүмкіндіктер берген ТШО-ның қолдауымен Қоғамдық кеңістіктер жобасына алғысымыз шексіз. Тұрғындар атынан жалғасын таба беруін ниет етеміз.»

Балалар және спорт алаңы

**«Ойнайық балақай» ойын алаңы**
(Құлсары) АО






I кезең

II кезең

III кезең

Балалар және спорт алаңы

Анар Запенованың командасына Құлсары қаласының №2 шағын ауданындағы көршілерімен жиналып, онда тұратын жүздеген балаларға ерекше тақырыптық ойын алаңын сыйлауға төрт ай қажет болды. Жобаға сәйкес 10 жыл бұрын орнатылған және осы уақыт ішінде тозған алаңды қалпына келтіру керек еді. Белсенділер ескі, өңі кеткен және тозығы жеткен снарядтардың орнына балаларға жарқын жаңа ойын алаңдары мен ерекше үйшіктер орнатты.



Балалар және спорт алаңы






**Жұманов Дастан:**

«Мен Жұманов Дастан, бірінші ауыл тұрғынымын. Бізге осындай керемет ойын алаңын салып берді. Біз өте қуаныштымыз. Достарымызбен көрші ауылдың ойын алаңдарына барып ойнайтынбыз. Енді біз есігіміздің алдында жақын жерде ойнайтын болдық. Осы алаңды салып берген аға-әпкелерімізге алғысымды білдіремін.»

## «Ойнайық балақай-2»
(Құлсары) АО






Балалар және спорт алаңы

I кезең

II кезең

III кезең

# Балалар және спорт алаңы

Руслан Беклиевтің бастамашыл тобына Құлсары қаласының №2 шағын ауданының тағы он бес тұрғыны кірді. Мұнда, қаланың басқа бөліктеріндегідей, балаларға арналған демалыс орындарының жетіспеушілі орын алып отыр. Жазықбаев, Кемелов және Байжұмиев көшелерінің квадратында 100-ге жуық үй бар, олардың әрқайсысында бос уақытының көп бөлігін үйде өткізуге мәжбүр балалар тұрады. Жоба басташысы арқасында аудандағы шағын футбол алаңының жанында үлкен ойын алаңы пайда болды. Ол туралы «Біз балалардың ойынға деген құштарлығын қанағаттандырғанын қалаймыз, өйткені олардың өмірі ойындардан тұрады - олар балаға құрдастарымен қарым-қатынасты үйренуге және денсаулығын нығайтуға көмектеседі», - деп тұжырымдады.



**«Спорт сүйер қауымға қолдау»**
(Тұрғызба) АО






Балалар және спорт алаңы

I кезең

II кезең

III кезең

Балалар және спорт алаңы

Бір жыл бұрын Тұрғызбада Ақылбек Едігеев тұрғындар тобын ұйымдастырып, "Ашық спорт алаңы" жобасын іске асырды. Ауыл жастарына одан да көп мүмкіндіктер беру үшін белсенді Бұқар жырау көшесіндегі ауылға кіре берістегі шағын футбол алаңын жандандырып, оны тұрғындар үшін тартымды еткісі келді. Ол үшін алаңда жанкүйерлерге арналған трибуналар салынып, алаңға белгілер қойылып, қоқыс контейнерлері орнатылды. Бастамашыл топ ауылда қолайлы орта құру үшін қауымдастықты жұмылдыруды жалғастыруға ниетті.



I кезең
II кезең
III кезең

**Едігеев Ақылбек:**

«Біз ауыл жастарының 90% - ына салауатты өмір салтын ұстануға және уақыттарын тиімді пайдалануға көмектесе алдық деп ойлаймын.

Сондай-ақ, осы жобаның көмегімен біз ауыл жастары үшін қолайлы жағдай жасау үшін туындаған мәселені шешеміз. Сонымен қатар, біз ауылға кіре берістегі шағын футбол алаңын абаттандыруға өз үлесімізді қостық

Жобаны іске асыру барысында біз футбол алаңының жанында қоқыс жәшіктерін орнаттық алаңды безендіруге арналған түрлі футбол белгілерімен белгіленген баннерлер, спорт жанкүйерлеріне арналған 100 орын, қақпаға арналған торлар, футбол матчы үшін ойын алаңы үшін ақ сызықтарды боялды.

Біз алдағы уақытта да ауыл үшін игі істер жасауды тоқтатпаймыз деп үміттенеміз. Қауымдастық мүшелерінен басқа, көмек көрсеткен 30 адам болды.»

## I кезең

**Жастар аллеясы** (Форт-Шевченко)

**«Күншуақ – балалар ойын алаңы»** (Форт-Шевченко)

**«Отбасына арналған демалыс орны»** (Баутин)

**«Еркеғұлов көшесіндегі спорт алаңын қалпына келтіру»** (Форт-Шевченко)

**«Ана мен бала бөлмесі»** (Баутин)

**«Отан қорғауға дайындық – мектеп қабырғасынан басталады»** (Боранқұл)

**«Үміт сәулесі»** (Боранқұл)

**«Алтын ұя мектебім»** (Боранқұл)

**«Балалықтың мекені-балабақша!»** (Боранқұл)

**«Дені сау ұрпақ – мемлекеттің табысты болашағы»** (Боранқұл)

## II кезең

**«Көрікті-әсем саябақ»** (Тұрғызба)

**Жағажайды абаттандыру** (Баутин)

**«Бешім ата» саябағы** (Қосшағыл)

**«Дені сау ұрпақ - ұлт болашағы»** (Құрық)

**«Гүлденген ауыл»** (Құрық)

**Балалар қалашығы - 1, 2** (Баутин)

**«Балғын балалық шақ» балалар ойын алаңы** (Форт-Шевченко)

**«Тәні саудың жаны сау»** (Боранқұл)

**«Көңілді аула»** (Баутин)

**«Спорт жанкүйерлері»** (Майкөмген)

**«Бақытты балалық шақ»** (Құрық)

**«Денсаулық – баға жетпес байлық»** (Боранқұл)

**«Балабақша аумағын абаттандыру»** (Майкөмген)

**«Ашық аспан астындағы спорт алаңы»** (Тұрғызба)

**«Балалар – біздің болашағымыз»** (Құрық)

**«Ас - адамның арқауы» мектеп асханасының жобасы** (Майкөмген)

**«Жан жылуы»** (Форт-Шевченко)

**«Абат баққа айналар балабақшам»** (Тұрғызба)

**«Ұлт болашағы – иманды ұрпақ»** (Аққиізтоғай)

**«Мектептің гүлденуі – ауылдың гүлденуі»** (Боранқұл)

**«Жүректен – жүрекке»** (Тұрғызба)

**«Таза аула – денсаулық кепілі»** (Форт-Шевченко)

**«Таланттар шеберханасы»** (Жаңа Қаратон)

**«Денсаулық» футбол алаңын қайта жөндеу** (Жаңа Қаратон)

**«Мейірім шуағы»** (Қосшағыл)

**«Бір арман, бір үміт»** (Боранқұл)

**«Бақытты балалық шақ»** (Аққиізтоғай)

**«Таза қала»** (Форт-Шевченко)

**«Бүкіл ауыл салауатты өмір салтына ұмтылады»** (Аққиізтоғай)

**«Дарынды балалар»** (Боранқұл)

**«Ұлы даланың ұлы рухы»** (Құрық)

# III кезең

## Негізгі жобалар

**«XXI ғасыр көпірі»** (Шоқпартоғай)

**«Жарқыра»** (Жаңа Қаратон)

**«Бөкен би аялдама кешені»** (Тұрғызба)

**«Жазғы саябақ» және «Киелі сахна»** (Шоқпартоғай)

**«Жазғы саябақ»** (Шоқпартоғай)

**«Қуаныш саябағы - 1» және «Қуаныш саябағы - 2»** (Қосшағыл)

**«Жеңіс саябағы-1» және «Жеңіс саябағы-2»** (Тұрғызба)

## Қоғамдық кеңістіктер

**«Жастар аллеясы»** (Боранқұл)

**«Дисней саябағы-1» мен «Дисней саябағы-2»** (Майкөмген)

**«Көрікті жастар аллеясы»** (Майкөмген)

**«Жеңіс аллеясы»** (Аққиізтоғай)

**«Бешім Ата» саябағы** (Қосшағыл)

## Әлеуметтік инфрақұрылым

**«Үміт сыйла»** (Құлсары)

**«Армандар орындалады»** (Құлсары)

**«Гүлдене бер, мектебім»** (Боранқұл)

**«Жүрек жылуы»** (Құлсары)

**Шебер қолдар** (Тұрғызба)

# III кезең

## Балалар және спорт алаңы

**«Балалар — біздің бақытымыз»** (Құлсары)

**“Street workout”** (Боранқұл)

**«Сарыжайлау»** (Қосшағыл)

**«Жаны саудың- тәні сау»** (Жаңа Қаратон)

**«Бақытты балалық шақ»** (Боранқұл)

**«Дені саудың-жаны сау»** (Құлсары)

**«Шамшырақ» балалар ойын алаңы** (Құлсары)

**«Шынықсаң — шымыр боласың»** (Аққиізтоғай)

**«Ауыл балаларының әлеуеті»** (Аккизтогай)

**«Дені сау ұрпақ - ұлт болашағы»** (Боранқұл)

**балалар ойын алаңы** (Құлсары)

**«Спорт - денсаулық кепілі»** (Құлсары)

**«Спорт алаңдарын абаттандыру»** (Жаңа Қаратон)

**«Ойын аралы»** (Боранқұл)

**«Алаңға арналған көгал»** (Майкөмген)

**«Менің балалық шағым»** (Жаңа Қаратон)

**«Бүлдіршін»** (Құлсары)

**«Денсаулық- зор байлық»** (Құлсары)

**«Балалықтың ғажап ауласы»** (Тұрғызба)

**«Спорт - денсаулық кепілі»** (Боранқұл)

**«Кәне, балақай»** (Тұрғызба)

**«Балақай» ойын алаңы** (Құлсары)

**«Спорт сүйер қауымға қолдау»** (Тұрғызба)